



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ЖАСТАР ІСІ КОМИТЕТІ



«ЖАСТАР» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ
ОРТАЛЫҒЫ»

Қазақтың ән-күйі – ұлттық тәрбиенің көзі

Әдістемелік құралы

АСТАНА
2013

УДК 373
ББК 74.268.53
Қ 19

*Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
Жастар ісі комитетінің тапсырысы бойынша*

Қ 19 Қазақтың ән-күйі – ұлттық тәрбиенің көзі. Әдістемелік құрал –
Редакциялық алқа мүшелері: *Г.А. Есімбаева, Ж.Қ. Боқанова, Ж.К. Кәрімова*
Астана: «Шикула және К» ЖШС, 2013. – 40 б. – қазақ тілінде.

ISBN 978-9965-418-95-2

Әдістемелік құрал «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығымен» даярланған.
Аталмыш әдістемелік құрал қазақтың басты мәдени құндылықтарының бірі – ән-күйді оқу-тәрбие үрдісінде тиімді пайдалана отырып, өскелең ұрпақты халқын қастерлеп, оған қалтқысыз қызмет етуге тәрбиелеп, рухани құндылықтарының қалыптасу белсенділігін күшейтуді көздейді. Бұл әдістемелік құрал жаңа қазақстандық патриоттықты, халықтық дәстүрді құрметтеуге бағытталған «Иманды ұл, инабатты қыз – елдің көркі» 13-18 жастағы жастарға арналады.

ISBN 978-9965-418-95-2

УДК 373
ББК 74.268.53

КІРІСПЕ

*«...Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,
Ойласаңшы бос қақпай елең-селең.»*

Абай

Жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін меңгерген, мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу – өмір заңы, қоғам талабы. Бұл заңдылық жеткіншектерді халық қазынасымен, оның ұлттық мәдениетімен, әдет-ғұрпы, дәстүрлерімен неғұрлым тереңірек таныстыру қажеттігін тудырады. Халқының ұлттық ерекшеліктерін сезінбей, басқа халықтың өзіне тән белгісін толық түсіну мүмкін емес екені мәлім.

Тәрбиенің қалыптасып, дамуына қазақтың ауызекі поэтикалық және музыкалық шығармашылығы – мақал-мәтелдер, ертегі, аңыз әңгімелер, жұмбақтар мен жаңылтпаштар, эпос, жыр, терме, айтыс, ән-күйлер – орасан зор рөл атқарады. Ұрпақтан-ұрпаққа мирас болған оның таңдамалы үлгілері өскелең ұрпақты тәрбиелеудің таптырмас құралы болып табылады. Оқушылардың бойында ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып, дамыту негіздерінің бірден бір көзі – *дәстүрлі қазақ музыкасы*.

Әнді орындаудың ерекшелігі балалардың санасына ғана емес, сезіміне де, ой-өрісіне де әсерін тигізетіні анық. Әнді үйренер кезде өлеңнің мазмұнын түсінуге, тәрбиелік мәнін саналы түрде меңгеруіне мүмкіндік беріледі.

Халық музыкасының күрделі бір саласы – күй. Оның мазмұны халықтың басынан кешірген тауқыметі мен әділетсіздікке қарсы күресіне, асыл арманы мен мұратына негізделіп, терең толғаныспен өрнек-бояуын тауып отырады. Тарихи, әлеуметтік, лирикалық күйлерде қазақ халқының басынан кешірген тарихи оқиғалары, туған жердің табиғаты, қоғамдық өмір құбылыстары және өнерге деген көзқарасы бейнеленеді.

Қазақтың ән-күйі халық педагогикасының құралы ретінде балалар мен жастарды тәрбиелеу ісінде пайдаланылды. Әдетте домбырада немесе қобызда күй орындаудың алдында күйші аңыздың мазмұнын қысқаша баяндап өтеді. Ал мұның өзі балалардың музыка мазмұнын түсінуін едәуір жеңілдетіп, ақыл ойының жандана түсуіне жәрдемдеседі.

Музыка эстетикалық тәрбиенің маңызды бір бөлігі бола отырып жеке тұлғаның ақыл-ойы мен дене бітімін жетілдіріп, жан-жақты өмір тәжірибесін кеңейтуге, қызығушылық біліктілігін және ойлау қабілетін дамытуға, шығармашылық іскерлікке тәрбиелеуге мүмкіндік туғызады.

I тарау. **ҚАЗАҚТЫҢ ӘНШІЛІК ӨНЕРІНІҢ ТАРИХЫ**

Әншілік дәстүр. Ән өнері жеке адам сезімінен бастап тұтас халық тағдырына дейін сергек үн қосуға мейлінше оңтай. Адам қоғамындағы үлкенді-кішілі барша құбылыс әнге арқау бола алады. Ұлы Абай ән өнерінің бұл қасиетін:

*«Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең»,*—деп түйіндеген.

Қазақтың ән өнері, оның көл-көсір мол нұсқалары өзінің өн-бойына айырықша қастерлі қасиеттер жинақтай отырып, шын мәнінде халық болмысының шежірелі сазы бола алған. Қазақ ән-өнерінің тарихи тек-тамырын «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» кезінде туған «Елім-ай» әнінен бастау алады. Аспапты музыка ретінде оқшау жанр болып орныққан қазақ күйлерінің мың жылдық, тіптен одан да көне («Ақсақ құлан», «Қорқыт», «Ел айрылған», т. б.) тарихының бары белгілі. Бұл жағдайлар ән өнерінің де тек-тамырын аршуға ынтықтыра түссе керек.

Танымал әнші және зерттеуші Ж. Кәрменов әндердің күрделілігі мен формасын жанр ретінде ұсыну қажеттілігін айтқан. Мұндай пікірді А. Алматывтың зерттеулерінен де кездестіруге болады. Осы орайда ән жанрларын мынадай топтарға бөле қараудың ыңғайы бар сияқты:

- Романс тектес әндер – «Ақбақай», «Жиырма бес», «Япурай», «Ғайни» және т.б.;
- Сатиралық-юморлық әндер – «Он алты қыз», «Ағашаяқ», «Құлбай бай» және т.б.;
- Қара өлеңге құрылған әндер – «Сәулем-ай», «Еркем-ай», «Қамажай», «Жеті арал жерім-ай» және т.б.;
- Қыз-келіншектер әндері – «Майра», «Дудар-ай», «Әуіпідек» және т.б.;
- Желдірме әндер – термелер, арнау, насихат әндер және т.б.;
- Эпостық мазмұндағы әндер – жырлардың кейіпкерлерінің атынан айтылатын әндер – «Жігіттің падишасы Әмір, Темір», «Қос мүйізді Ескендір» және т.б.;
- Авторлық-арнау әндер. Молдабайдың әні, Ғазиздің әні, «Бүркітбай», «Шашубай», «Теміртас» және т.б.

Әндерді бұлай бөлу арқылы олардың шығу тарихын саралап, формасын анықтап, орындау ерекшелігін түсінуге болады.

Қазақ халқының дәстүрлі музыкасы, соның ішінде дәстүрлі ән өнері ең жоғары кәсіби өнеріміздің бірі. Бізге жеткен әндердің тақырыбы мен мазмұны, мақамдары мен әуен ырғақтары халықтың көкейкесті ой-арманынан туған. Ал, халық орындаушылары сол әндерді сақтап, келесі ұрпаққа жалғастырды. Соның арқасында қазіргі бізге жеткен әндер өмірдің тар жол бұраландарынан өтіп, ұлттық дәстүріміздің айғағы болып отыр.

Ән – қазақ халқының рухани асыл қазынасы. Кейде өнер адамына замана тұлғасын сомдау керек, өлмес өнер тілімен уақыттың портретін жасау керек деген талап қойылады. Алайда, рухани үрдістердің қай-қайсысы да ең алдымен заманалық нәтиже екенін, уақыттың айғағы болатыны да қаперде бола бермейді. Көркем өнердің барша болмысы тарихи-әлеуметтік жағдайдан тыс болатын үрдіс емес.

Тұтас бір тарихи кезеңдерде рухани құлдыраулардың, тіптен рухани ақтаңдақтардың болғаны өнер шежіресінен белгілі. Қазақ ән өнерінің тек қана музыкалық бітіміне назар аударып қоймай, оның тарихи тек-тамырына ден қойып, халықтың қатпарлы өмір жолындағы белгі-нышандарын бажайлауға көңіл аударған абзал. Конфуций айтты дейтін тұжырым бар: «Егер белгілі бір елдің ахуалын білгің келсе, сол ел адамдарының жөн-жобасын танығың келсе, алдымен әніне құлақ түр». Қазіргі музыка зерттеуші ғалымдардың тұжырымына қарағанда музыка тілі халықтың рухани мәдениетінің ішіндегі ең бір тұрақты айғағы, өзгеріске оңайлықпен ұшырай қоймайтын түрі болып есептелінеді.

Қазақтың музыкалық мұрасы, оның ішінде ән өнері дәл қазіргі жинақталған қыруар айғақтың негізінде бес мектепке бөлінеді деп тұжырымдауға негіз бар. Бірінші, Қазақстанның орталық және солтүстік өңіріне тән әншілік мектеп. Екінші, Қазақстанның оңтүстік және Жетісу өңірін қамтитын әншілік мектеп. Үшінші, Қазақстанның батыс өңірін қамтитын әншілік мектеп. Төртінші, Сыр бойының әншілік-термешілік мектеп. Бесінші, Қазақстанның шығыс өңірін, Баян Өлке және Шығыс Түркістанды қамтитын әншілік мектеп. Бұл жіктеулер музыкалық өлшемді дәлелдермен де, естір құлақтың талғам-танымымен де өзіндік бітім-қасиеттері жеке-жеке әуен-сазын, қайырым-нақысын айқын айғақтай алады. Бес әншілік мектеп өнері кең аяда қамтылып, типологиялық ауқымымен сараланған. Себебі бес мектеп өз іштерінде әр алуан айтулы әнші-композиторлардың дарын-қуатымен әлденеше сала құрап, сан тарау үлгі танытып, өркен жайып жатады. Мәселен, Қазақстанның орталық және солтүстік өңірінде, ғұмыр кешіп, өз өнерінде өзіндік із қалдыра білген Абай, Біржан, Ақан, Жаяу Мұса, Ыбырай, Әсет, Жарылғапберлі, Уәйіс, Ғазиз, Майра, Мәди, Балуаншолақ сынды біртуар дарындар бір-бірінен мейлінше оқшау бітімдегі әнші-композиторлар.

Дәл осы сияқты, өз ішінен сан тарау арна құрап, сала-сала үлгі танытатын қасиетті Қазақстанның оңтүстік және Жетісу өңіріндегі, шығысы мен батысындағы, Сыр бойындағы әншілік мектептерден де аңғаруға болады. Бір ғана оңтүстіктегі айтылатын әндердің Қаратау маңында немесе Қазықұрт етегінде, Созақ өңірінде немесе Талас алқабында өзіндік дара иірім-нақыспен шырқалатынын кәнігі тыңдаушы жазбай айырып отырады. Сондай-ақ, Алатау баурайында дүниеге келген әндер де өзінің ойлы да ойнақы бітімімен таныла кетеді. Сөйте тұра, Қазақстанның оңтүстік және Жетісу өңіріндегі әндердің ортақ қасиеті, сабақтас бітімі ешкімге шәк келтірмейді. Бір ғана эпостың өн бойында мифтен бастап аңызға дейін, лирикадан бастап эпикалық жырларға дейін, бебеулеген құлақкүйлерден бастап алуан нақысты ән әуездеріне дейін, шиыршық атқан драмалық қақтығыстардан бастап орындаушының актерлік қанатты шабытына дейін алуан түрлі өнер түрлері тұтасып жатады. Исі қазаққа аты мәлім асқан әнші Әміре, дауылпаз ақын-әнші Иса, өр әнші Мәди, сыршыл әнші Әсеттің әншілік өнерінен көп өнеге алуға болады. Ал бұл әншілер өз тұсында нар Кемпірбай, Біржан сал, Ақан сері, үкілі Ыбырай сияқты саңлақтардың көзін көріп, әнін тыңдаған. Халықтың асыл өнерін мәңгілік ететін де осы сияқты ұрпақтардың, өнерпаздардың, олардың өнерінің сабақтастығы. Бүгінгі тыңдаушы Мәдениет Ешекеев, Жәнібек Кәрменов, Қайрат Байбосынов, Бекболат Тілеухан сынды әншілердің өнерін тыңдағанда кешегі ән өнерінің жарық жұлдыздары Біржан, Ақан, Үкілі Ыбырай, Мұхит, Мәди, Әсет, Әміре, Иса,

Кенен, Жүсіпбек, Манарбектер салған ғажайып дәстүрдің жалғасы сияқты қабылдайды.

Әншілік – үлкен өнер. Қазақ халқының талғам-түсінігі ежелден-ақ әншілікті айырықша дарын деп есептеп, биік өнерге балаған. Айтулы әншілеріне төрінен орын беріп, төбесіне көтере әлпештей білген. Музыкада да ауыз әдебиетіндегі сияқты тұрмыс-салт әндерінің, еңбек әндерінің, балалар әндерінің болғаны аян. Бақсы ойыны, қыздың сыңсуы, жесірдің жоқтауы, жар-жардың айтылуы, жарапазан сарыны белгілі бір жүйедегі сөзіне қоса ән-әуенсіз болмаған. Қазақ халқының әншілік, күйшілік өнерінде Ғазиз, Уәйс сияқты, Мұхаметжан, Шашубай сияқты, Дайрабай сияқты бірлі-жарым әнімен немесе күйімен ел есінде қалған саңлақ өнерпаздар бар. Көп ретте осындай әнші-күйшілердің кім екеніне, қашан, қай ортада өмір сүргеніне жеткілікті мән беріліп те жатпайды. Көп ретте ол – әрі композитор, әрі орындаушы, әрі сүйемелдеуші, ең бастысы сол айтатын әнінің жайын, шығу тарихын түсіндіруші ғой. Былайша айтқанда, бұрынғы дәстүрде әншілердің үні, дауысы ғана сүйсіндіріп қоймайды, сол әншінің өзі халықтың эстетикалық талғамының жанды айғағы сияқты. Бәлкім ел ішінде әншілердің ерекше құрметке бөленуінің бір сыры осында болу керек. Жекелеген әндерге назар аударайық – «Жамбас сипар» болса, Біржанның тоқтасқан шағындағы, артта қалған тәтті дәуренді егіліп еске алуы ғой. Бұл аңсауға толы, кісілігі мол ән. «Сырғақты» болса өмірдің жақсылығы мен шуағын өнеге етіп айтқан қасиет сияқты. «Өмір қысқа, бірақ оны мән-мағынаға толтырып, қызықты ету өз қолыңда» деп тұрған сияқты. Ал, «Құлагер» болса, бұл – орны толмас өкініштің жүрек қанын сорғалата жарып шыққан ащы зары. Міне, осы ерекшеліктер ең алдымен орындаушылық шеберлікке, орындаушылық дәстүрге байланысты. Әншілік дәстүр мең орындаушылық дәстүр бірімен-бірі тығыз астасып жатады. Ел – халық болған соң оның ұлттық сазы, өзіндік үн-тілі, әуендік тілі болады. Сол ұлттық әуен, ұлттық нақыш-сазға жеке әншілер арқа сүйей отырып, олар өздерінше өрнек құрайды.

Домбырамен ән айту деген сөз — халықтың ғасырлар бойы қалыптастырған асыл дәстүрінен қол үзбеу деген сөз. Сол асыл дәстүрдің көсегесінің көгергені деген сөз. Мұқан Төлебаев, Ахмет Жұбанов бастаған жақсы дәстүр Садық Кәрімбаевтың сазды әндері, одан берідегі Сыдық Мұхаметжанов, Нұрғиса Тілендиев, Илья Жақанов, Шәмші Қалдаяқов сияқты тамаша композиторлардың творчествосында сәтті жалғасын тауып жүр. Бір ғажайы, домбырамен айтылатын әндер өзінен өзі дәстүрлі әуен сазымен табысып, төлтума қасиетін таза сақтайды. Бұл ретте домбыра аспабын қазақтың дәстүрлі музыкалық тілінің сарапшы сақтаушысы десе де болғандай.

II тарау. **ҚАЗАҚТЫҢ ӘНШІЛІК ӨНЕРІНІҢ ӨҢІРЛІК МЕКТЕПТЕРІ**

Қазақтың әншілік өнері – Арқа, Жетісу, Батыс, Сыр т.б. өңірлік дәстүрлі ән-жыр мектептеріне жіктеледі. XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы әншілік өнерін ғалымдар бес мектепке бөліп жүр.

Бірінші мектеп — Қазақстанның орталық және солтүстік өңірлеріне тән. Бұл мектепті *Арқа мектебі* деп атайды.

Арқа әншілік дәстүрінің кәсіби түрде дамуы Біржан сал Қожағұлұлы шығармашылығынан бастау алады. Қазақ әнін әуендік, ырғақтық, интонациялық тұрғыдан мейлінше байытқан Біржан туындылары – қазақ әншілік дәстүріндегі жаңа құбылыс, жаңа кезең. Көпшілігі кең тыныс, зор дауыспен шырқалатын үлкен диапазондағы Біржан әндерін мазмұндық-тақырыптық жағынан екі топқа бөліп қарауға болады. Біріншісі – ғашықтық, махаббат сырын шертетін, сұлулықты жырлайтын «Ғашығым», «Ақтентек», «Ләйлім шырақ», «Мақпал» сияқты сыршыл әндері, екіншісі – өзі өмір сүрген қоғамдағы өнерпаз тағдырын толғайтын «Жанбота», «Адасқақ», «Теміртас» тәрізді туындылары. Осы аталған және мазмұндық-тақырыптық жағынан әр алуан болып келетін басқа да тамаша әндерімен Біржан сал қазақ музыка мәдениеті тарихындағы аса ірі тұлғалардың қатарынан орын алады.

Арқадағы әншілік дәстүрдің ендігі бір алтын діңгегі – Ақан сері Қорамсаұлы қазақ ән өнерінің арнасына тың ағыс қосқан тұлғалардың қатарына жатады. Әнші-композитордың нәзік лиризмге, толқынды ырғақ, сұлу әуенге бай, шалқыған кең тынысты шығармалары қазақ әнінің өрісін кеңейтіп, тұғырын биіктете түсті. Ақан әндерінің тақырыбы да сан алуан. Әсіресе, оның көрікті әйел бейнесін, ғашықтық сезімін жырлаған «Ақтоқты», «Балқадидиша», «Алтыбасар», «Жамал қыз», «Сырымбет», «Мақпал» т.б. әндері, сондай-ақ, жүйрік мініп, құс баптаған саятшы, серінің аты аңызға айналған тұлпарына («Құлагер», «Маңмаңгер»), қыран құсына («Қараторғай») арнаған шығармалары – дәстүрлі ән өнерінің інжу-маржандары.

Арқа өңірінде өмір сүрген тағы бір айтулы әнші-композитор – Жаяу Мұса Байжанұлының қазақтың әншілік өнерін дамытуға, оны жаңа саз, өрнектермен байытуға қосқан үлесі мол. Жаяу Мұса әндері көркемдік бітімі жағынан мүлтіксіз және әрқайсысы бір-біріне ұқсамайтын, жаңашыл сипатта болып келеді. «Ақ сиса», «Көкаршын», «Шолпан», «Құлбай бай», «Гауһар қыз» сияқты әндері қазақ ән өнеріндегі шоқтығы биік, қайталанбас үлгілер. Жаяу Мұса ерте сауат ашып, орысша хат таныған адам. Еуропаның музыкалық мәдениетінен біршама хабардар болғандықтан, біраз әндерінде қала әсерінен пайда болған марш, би ырғақтары да кездеседі.

Қазақтың ұлы ақыны Абайдың Құнанбаевтың әндері – Арқа әншілік мектебінен өз орнын алады. Ұлттық музыка тілін өзіндік стильмен байытқан «Сегіз аяқ», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Желсіз түнде жарық ай», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Көзімнің қарасы», «Татьянаның әні», «Өзгеге көңілім тоярсың», «Сегіз аяқ», «Сұрғылт тұман дым бүркіп» сынды әндері арқылы қазақ әніне соны әуен,

өзгеше өлшем мен түр ала келген Абайдың жаңашылдық дәстүрін ғұлама ойшыл, ақын, сазгер Шәкәрім Құдайбердіұлы жалғастырды. Шәкәрімнің «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді», «Анадан алғаш туғанда», «Жиырма үш жасымда», «Ән туралы» сияқты әндерінің Абай шығармашылығымен өзектестігі айқын танылады. Ақылбай, Уәйіс, Берікбол (Ағашаяқ), Мұхамеджан, Шәкір Әбенев сияқты әнші-композиторлар да Абай, Шәкәрім салған үрдісті дамыта түсті. Олардың әндерін насихаттаушылар қатарында Келденбай Өлмесеков, Серікболсын Бекбосынов, Амангелді Жікенов, Санақ Әбеуов, Тельман Құжыманов, Еркін Шүкіманов, Ерлан Рысқали сияқты әншілер бар.

Біржан сал, Ақан серілердің шығармашылық дәстүрімен сабақтасып жатқан Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы әндерінің тақырыбы алуан түрлі. Оның «Қарақат көз», «Толқын», «Қызыл асық» әндерінің көпшілігі ойнақылығымен, өзгеше екпін-ырғағымен ерекшеленеді. Бүгінгі күнге, негізінен, бір-біріне ұқсамайтын 4 түрлі нұсқада жеткен «Гәкку» әні Үкілі Ыбырай шығармашылығының шыңы болып саналады. Оның әндерінің бірден-бір жеткізушісі – өз ұрпағы Мұса Асайынов болса, халыққа кең таралуына әнші Қ.Байбосынов айрықша үлес қосты.

Арқа өңірінде қалыптасқан әншілік, сал-серілік дәстүрдің тағы бір өкілі Баулан Шолақ – өзі ұстаз тұтқан Біржан сал, Ақан сері әндерінің тамаша орындаушысы әрі насихаттаушысы болды. Оның «Ғалия» (2 түрі), «Карон палуан», «Дүние», «Сентябрь», «Жастық» сияқты әндері – қазақ музыкасындағы бай әуендік, құрылымдық өрнегімен көз тартатын айшықты туындылар.

Қазақ ән әлеміндегі ең жарқын тұлғалардың бірі – Әсет Найманбайұлы. Арқадағы Ақан сері, Біржан салдың, Құлтуманың сұлу сазды әндерін бойына сіңіріп өскен Әсет Найманбайұлы Аягөз – Тарбағатай мен Жетісу өңірлерінің де ән дәстүріне ынта-ықылас қойып, өнер тағылымын алған. Әсет әндерінің поэтикалық сөз өрнегі ән әуенімен шебер ұштасып жатады. Оның құрылымы кемел, өрнегі бөлек «Қаракөз», «Кіші Ардақ», «Үлкен Ардақ», «Қоңырқаз», «Қысмет», «Мақпал», «Інжу-маржан» сынды әндері адамның жан-дүниесін тербейтін терең сезімге құрылған. Музыкалық мәдениетіміздің алтын қорына қосылған Әсет әндерінің көпшілігі жұртшылыққа жезтандай әнші Дәнеш Рақышев арқылы жетті. «Ахау, жалған», «Жай толқын», «Өтті-ау, дүние-ай», «Хаулилау Қалқаш-ау» – Әсеттің осы күнде сирек орындалатын әндері.

Арқа әншілік, сал-серілік дәстүрінің соңғы өкілдерінің бірі Естай Беркімбаулының есімі махаббат гимні іспетті әйгілі «Қорлан» әні арқылы аңызға айналды. Бұдан басқа, «Жайқоңыр», «Бір мысқал», «Назқоңыр», «Юран-ай» сияқты әндері Б. Жылқыбаев, Ж. Елебековтердің орындауында өзіндік нақыш-өрнек, қайталанбас сыр-сипатын бұзбай жетіп, халқымыздың ән қазынасын байыта түсті.

«Қарқаралы», «Қаракесек» сияқты барша қазаққа әйгілі сом алтындай кесек туындыларымен ұлттық музыка тарихында өшпес із қалдырған Мәди Бәпиұлы мен сырнаймен ән айту үрдісін қалыптастырушылардың бірі, «Майра», «Толқыма», «Бақша» сияқты терең сезім, мол сырлы тамаша әндер шығара отырып, қазақ ән өнерінде тұңғыш рет әйел-әнші бейнесін жасаған Майра Уәлиқызы да Арқа әншілік дәстүрін мейлінше көркейткен айтулы өнерпаздар еді.

Сол сияқты Арқа өңірінде өмір сүрген Мұстафа, Сейітжан сал, Қанапия, Жарылғапберді, Ғазиз, Иманжүсіп, Шашубай, Тәуке сынды біртуар өнерпаздар мен М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, М. Дулатов, Қ. Аманжолов, Р. Елебаев, М. Ержанов, Б. Жылқыбаев, Қ. Бабақов сияқты кейінгі буын дәстүрлі әнші-композиторларының әндері де Арқа дәстүрлі әншілік мектебінен орын алады.

Екінші мектеп – *Оңтүстік және Жетісу өңірі әуендері*. Жетісу ән мектебі – қазақтың көне әндерінің, әсіресе халықтық әуендердің мол сақталған әншілік өнер шоғыры саналады, орындалуы мен домбырада сүйемелденуі Арқа әндеріне өте ұқсас.

Жетісу жеріндегі ән өнерінің қалыптасуына да осы өңірде ерекше дамыған ежелгі ақындық-жыршылық дәстүрдің зор ықпал еткені анық. Осы өңірдегі мейлінше көп айтылатын қара өлеңдер мен халық әндері кәсіби әншілік мектептің қалыптасуына негіз болды. Зерттеуші-ғалымдар Жетісуда Дәурен сал, Тәкен сал деген сал-сері, әнші-сазгерлер өткенін, бірақ шығармалары сақталмағанын жазады. Жетісу әншілік мектебінің қалыптасуына ұйытқы болған дара тұлға Кенен Әзірбаев шығармаларының көбі негізінен өз орындауында жетті. Ұзақ жасап, артына мол мұра қалдырған Кенен әндерінің тақырып ауқымы мол, құрылым-пішіні жағынан да әр алуан, тынысы кең, әуені өрнекті, сан құбылған ырғақты келеді. «Бозторғай», «Көкшолақ», «Бұлбұлға», «Базар-Назар», «Алатау алабында», «Тік шырқау» сияқты әсем сазды, сұлу нақышты әндерімен Кенен Жетісу өлкесінде қалыптасқан әншілік дәстүрді кәсіби биік өреге көтерген қазақтың бірегей әнші-композиторы. Жамбыл, Сарбас, Балуан Шолақ сынды белгілі әнші-ақындардан үлгі-өнеге алған Кенен Әзірбаев өз өмірінде жүзден астам әндер шығарған. Жетісу әншілігінің тағы бір көрнекті өкілі Жамбыл Жабаевты атай аламыз. Жамбылдың қанатты шабытпен дүниеге келген шығармалары әлемнің ондаған тіліне аударылып дүние жүзіне тарады.

Жетісуға аты әйгілі болған әнші-композитор Қапез Байғабылұлы Ыстамбұлда білім алып, туған жеріне оралған соң, мектептер ашып, бала оқытқан. Кейіннен саяси қуғынға ұшырап, репрессия құрбаны болады (1937 ж.). Қапездің бізге жеткен «Айхой», «Дүние-ау», «Қоштасу», «Үш Меркі» деген әндері өзгеше әуендік сипатымен ерекшеленеді. Кезінде айтуға тыйым салынғандықтан, ұмытылуға айналған Қапез шығармаларын зерттеуші-ғалым Сағатбек Медеубекұлы, әншілер Ғалымжан Досанұлы, Ардақ Балажанова, Рамазан Стамғазиевтар жеткізген болатын. Осы өлкенің тағы бір белгілі әнші-композиторы Пішән Жәлмендеұлы, заманында әншілігімен, күйшілігімен, ел басқару ісімен белгілі болған. Пішәннің соңында жан-жары Ғайшаға арнап шығарған екі әні және «Дүние, шіркін» деген әндері қалды.

Жетісу жеріндегі әншілік өнердің тағы бір өкілі Сәдіқожа Мошанұлы болатын. Тағдыры шырғалаңға толы әнші-композитор 27 жасында туған елден жырақ Қытай жерінде дүниеден қайтты. Оның «Ахау, айым», «Сары бидай», «Сағынсаң, қалқа, өзің кел» сияқты өзіндік өрнек-нақышымен ерекшеленетін сұлу сазды әндерін осы күнге жеткізген – Дәнеш Рақышев. Жетісудың оңтүстік жағындағы Шу өңірінде жасаған Сауытбек Ұсаұлы, әнші-композитор ретінде, қосыла

алмаған арманды ғашығы Ақбөпеге арнаған әнімен белгілі. Автордың соңында қалған жалғыз ән болғанмен, «Ақбөпе» – сезім тереңдігімен, көркем де күрделі бітімімен дәстүрлі кәсіби ән өнеріндегі шоқтығы биік туындылар қатарынан орын алады. Жетісу өлкесінен шыққан және бір күміс көмей әнші, тамаша композитор Дәнеш Рақышев көптеген халық әндері мен халық композиторларының туындыларын тынбай насихаттап өтті. Әнші-композитордың «Саясында алманың», «Жер сұлуы Жетісу», «Аяулым менің, арайлым», «Балжан-ай» сияқты әсем әуезді әндері бар. Жетісу әндері осы күнге Кенен Әзірбаев, Қуат Ниязбаев, Қанабек Райысов, Мұхтар Өтебаев, Серғали Әбжанов, Сәбит Оразбаев, Алтынбек Оразбаев, Төрткен Кененовалар арқылы жетсе, бұл дәстүрді кейінгі кезде Райымқұл Темірбаев, Ержан Қосбармақов, Рамазан Стамғазиев, Дүйсенбек Өміралиев, Ақан Әбдуәлиев, Тілеулес Құрманғалиев, Ардақ Балажанова, Жазгүл Даңылбаева, Ерболат Шалдыбеков, Нұргүл Әлқожаевалар насихаттап жүр.

Үшінші мектеп – *Қазақстанның батыс өңірін қамтитын Батыс әншілік мектебі*. Бұл мектеп әндері асау тайдай тулаған қуатты, екпінді әуездер. Сонымен қатар, бұл мектепке Маңғыстау мектебі де қосылады. *Батыс әншілік мектебінің* негізгі тұлғасы – әнші-композитор Мұхит Мералыұлы. Мұхит әндері – диапазон кеңдігімен, ішкі мазмұнының тереңдігімен қазақ ән өнерін биікке көтерген аса бағалы мұра. Композитор шығармашылығында сол өлкедегі ерекше дамыған жыраулық-жыршылық өнер мен Батыс Қазақстанның сол кезеңдегі шырқау шыңына жеткен күйшілік дәстүрінің ерекше әсері болғаны сөзсіз. Себебі, әннің ішкі табиғатын, болмыс-бітімін ашуда домбыра сүйемеліндегі айшықты қағыстар үлкен рөл атқарады. Батыс Қазақстан ән-жыр дәстүріндегі домбыра сүйемелі аспапты кәсіби деңгейде шебер меңгеруді талап етеді. Өйткені, күйдегі дәстүрлі қағыстар, оң қол және сол қолдағы әртүрлі әдіс-амалдар ән сүйемелінің негізі болып табылады. Мұхит әндерінің бір алуаны орта диапазонды, қоңыр әндер болып келсе «Алуаш», «Дүние», «Қолжетпес», «Айнамкөз», «Зәуреш», «Үлкен айдай» тәрізді туындылары – орындаушылық үлкен шеберлікпен биік шырқап айтылатын, кең тынысты, күрделі әндер. Мұхиттың сирек айтылатын «Қоқыш», «Көк жар», «Шандоз» деген әндері бар. *Батыс әншілік мектебінің* өкілдері Бала Ораз, Қиса, Аманғали, Аухат, Сары, Қызыл, Молдабай, Өтеғали, Дәуке, Білек, Ажар, т.б. көптеген әнші-композиторлардың шығармалары дер кезінде жиналмауы себепті, көптеген әндер жоғалып, ұмыт болған. *Батыс әншілік мектебі* әндерінің бүгінгі заманға бұзылмай жетуіне зор еңбек сіңірген әйгілі әнші Ғарифолла Құрманғалиев болды. Мұхиттың әндерін оның немерелері Шайқы мен Шынтастан үйреніп, орындаушылық үлгілерін алған Ғ. Құрманғалиев өзінің ауқымды орындаушылық шеберлігі арқасында Қазақстанның Батыс аймағының ежелгі қара өлең үлгісіндегі халық әндерін кәсіби деңгейге жеткізді. Мәселен, ол «Әдемі қыз», «Дариға» секілді халық әндеріне қайырма қосып, қосымша дыбыстар қолдану нәтижесінде бұл әндерге мол тыныс дарытып, кәсіби деңгейін көтерді. Ғ. Құрманғалиев – Мұхит дәстүріндегі әндердің шебер орындаушысы ғана емес, өзі де көптеген әндер шығарған тамаша сазгер. Оның мектебінен дәріс алған шәкірттері Қ. Бекбосынов, Ә. Еңкебаев, Қ. Құлышева, Қ. Рахимова, Ж. Сәрсенғалиев, Қ. Орашева, С. Таудаева, С. Рахметжанов, Г.

Сүндетова, С. Абдрахманов, С. Жанпейісова, т.б. әншілер батыс ән дәстүрін жалғастырушы ізбасарлары болды. Ел ішінен шыққан асқақ әншілер Қ. Жұмалиев, М. Төрешов, Қ. Бердіғалиев, А. Ғұбайдуллин, Е. Мағазов, т.б. әншілер – батыс өлкеде қалыптасқан әншілік дәстүрдің айтулы өкілдері.

Маңғыстау әндері жалпы Батыс әндерінен домбыра қағысының, әуен екпінінің жайлығымен ерекшеленеді. Маңғыстау жерінде ХІХ ғасырда «Жеті қайқы» деген атпен жеті өнерпаз өмір сүрген. Ол өлкеде «қайқы» деген сөз «сал-сері» деген мағынаны білдіреді. Қазіргі кезде Маңғыстау әндері деп айтылатын әндердің басым көпшілігі – әнші-күйшілігімен, ақындық, сазгерлік өнерімен елге белгілі Досат, Өскінбай, Тұрсын, Әділ, Жылгелді, Тастемір, Шолтаман сияқты әнші-композиторлардың шығармалары. Маңғыстау жерінде бұдан басқа Хамит, Бораш, Ақбала, Қазихан, Смағұл, Қарабай, қосыла алмаған ғашығы Ақбөбекке арнаған әндерімен қазақ даласына белгілі болған Қайып Қорабайұлы деген өнерпаздар өткен. Маңғыстау әндерін осы күнге жеткізген І. Шыртанов, К. Тасболатов, З. Есбергенова, Ж. Сейітов, Б. Срановтар болса, қазіргі кезде бұл дәстүрді А. Қосанова, Е. Еміл, А. Ерімбетова, Б. Шәулиев, А. Көшеров, Қ. Жұмановтар жалғастырып жүр.

Төртінші мектеп – *Арал жерінен бастау алатын Сыр бойының ән-жыр мектебі*. Бұл мектепті кеңірек зерттеген Алмас Алматов.

Сыр бойының ән-жыр мектебінің басында халық әндері «Көкшетау», «Дола-на», Андағұл Балқы Дайрабай, Нартай, Ешнияз сал, Күмісай, Тоғжан, Рүстембек жырау орын алады.

Халқымызда «Сыр елі – жыр елі» деген сөз бүкіл Сыр бойы өңіріне берілген баға ретінде айтылады. Сұлу Сырдың сағасы ежелден-ақ сал, серілердің, әнші-күйші, жыраулардың отаны десек ешқашан қателеспеген болар едік. Бүкіл түркі тілдес халықтардың ұлы бабасы атанған Қорқыт бабамыздан бастау алған өлшеуі жоқ өлмес мұраға ие болған кешегі Сыр сүлейлері Тұрмағамбет, Жиенбай жырау, Кете Жүсіп, Шораяқтың Омары, Оңғар жырау, Сәрсенбай жырау, Шамшат Төлеповалар, бүгінгі Қали Шыңғысов, Алмас Алматов, Б. Рүстембеков тәрізді таланттар халық арасынан шығып, халқын әнмен, жырмен тербеп, ойын оятқан, сезімін сергітіп, рухани биіктерге бастаған. Балқы Базардан бастау алған Ешнияз, Кете Жүсіп, Тасберген, Дүр Оңғар, Тұрымбет, Молдахмет, Сәрсенбайлар жыраулық өнердің дүлдүлдері болған. Сыр бойы жыр айту дәстүрі көнеден қалыптасқан көп қырлылығымен, ХІХ ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген Ешнияз сал Жайық бойынан қоныс алған. Одан кейінгі жерде Жиенбай жыраудың көмейден құйылатын кең тынысты жырлары тыңдаушыны баурап алады. Сыр сүлейлерінің көбісі ақындықпен қоса орындаушылық міндетін атқарады. Жиенбай жырау өзі толғау, термелер шығара отырып, «Көрұғлы» жырын жырлаған. Сыр бойындағы дәстүрдің өзіндік басты ерекшеліктерінің бірі – мақам. Ал Жиенбай жыраудың мақамы кең тынысты, ырғақты болып келеді. *Сыр бойының жыршылық* мектебін дамытушы Сыр сүлейлері: Кете Аталған атақты жырау, Арал өңіріндегі Нұртуған ақын, Шораяқтың Омарының әдеби мұрасы жанрлық, тақырыптық жағынан өте кең көлемді болып құрылған.

Сыр бойының әншілік мектебінде сырнай дәстүрін қалыптастырушы әнші-композитор, халық ақыны Нартай Бекежанов. 10 жасынан ән салып, өлең шығара бастаған Нартайдың «Телқоңыр», бай-молдаларды келемеждеп шығарған «Сараң байға», «Мырзалық емес» әндері бар. «Жесір дауы» әнімен жалшыларды батылдыққа, қайсарлыққа шақырған. Ақын халық әндерін шебер орындаумен қатар, өзі де «Толқын», «Нартай сазы», «Өсиет» термесін шығарған.

Көмеймен жыр айту өнері де негізінен Сыр өңірінде сақталған. IX-X ғасырда Сырдың орта, төменгі ағысында Оғыз мемлекеті құрылып, 24 түркі тайпасы біріккен екен. Олардың арасында қазақтар да бар. Ғалымдардың топшылауы бойынша, көмеймен айту дәстүрі осы дәуірде негізін қалады. Сол тұста Қорқыттың өмір сүруі, кобыз дәстүрінің пайда болуы – көмеймен жыр айту дәстүрін өмірге әкелді. Тува, хакас, алтай халықтарында бұл үрдіс туралы көптеген аңыз-әңгімелер бар. Бірақ көмеймен орындау жоғары кәсіби деңгейде Сыр бойында ғана дамығаны байқалады. Өйткені әртүрлі мақамдар бірін-бірі мүлде қайталамайды.

Жыр-термелер.

Терме жанры.

Сонау ерте заманнан бастау алған жыраулық, жыршылық «Терме» атауы «тер», «теру» сөзінен, яғни шашылып жатқан жырларды жинақтау мағынасын береді.

Терме – қазақ халық поэзиясында қалыптасқан лирикалық өлең түрі. Гибраттылық мәні бар моральдық идеялар тұрғысынан әр нәрсені теріп айтып, бір нәрседен екінші нәрсеге еркін ауысып отыру термеге тән қасиет. Ол нақыл сөз үлгісінде құрылып, әдетте өнегелі, нұсқалы сөздердің тізбегіндей болып келеді. Ырғақтық құрылысы жағынан жеті-сегіз буынды жыр үлгісінде айтылады. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жедел қарқынмен дами бастады. Терме пішіні мен мазмұны толғауға біршама жақын. Толғауда әлеуметтік сарындар басым болса, термеде көбіне күнделікті тұрмыс-тіршілікке қатысты жәйттер сөз болады. Терме сөз бен әуен сабақтасып келгендіктен синкретті өнерге жатады. Сөздің мағынасы, әсерлілігі, ырғағы ширақ келуі қандай маңызды болса, әуеннің, аспаптық (домбыра) сүйемелдің де үлкен мәні бар. Терме сөзді айқын, анық жеткізуге лайық қысқа қайырылатын, жеңіл желдірмелі әуенмен (речитатив) айтылады. Терме, термелеп айту дегеннің өзі жырды – өлеңді жеңіл әуенмен айту, орындау тәсілін де көрсетеді. Осы кеңірек мағынасында термелеп айтқан жыр, өлең (дастан да) термешілік өнер қатарында қаралады. Терме – қазақпен қатар, қарақалпақ, қырғыз, өзбек халық шығармашылығында да тарихи орны бар. Жанрлық жағынан Қазақстанның батыс аймағы мен Сыр бойында терме дәстүрі әсіресе мол дамыған. Халықтық дәстүрлер негізінде қазіргі кезде терме айтыс өнері қайтадан жаңғырып, жандана түсті.

Жыр жанры.

Жыр – кең мағынада, поэзиялық шығармалардың жалпы атауы. Көне түркі тіліндегі «иыр» сөзі де қазіргі «поэзия» терминінің мағынасында қолданылған. Бұл атау дәл осы мағынада қазіргі қарақалпақ, қырғыз, ноғай, қарашай, балқар,

башқұрт, татар, тағы басқа түркі тілдерінде әлі күнге дейін қолданылады. Халық поэзиясындағы 7 - 8 буынды өлең өлшемі, поэзиялық шығарма жанры. Қазақ ауыз әдебиетіндегі *батырлар жыры, тарихи жырлар, лиро-эпостық жырлар, жоқтаулар, жыраулар поэзиясы, толғаулар, термелер* поэзияның осы өлшемдегі үлгісіне құрылған. Поэзиядағы бұл жанрды жазба әдебиет өкілдері де (Абай, С. Торайғыров, т. б.) орнымен пайдаланған. Буын санының бір қалыпқа түсіп тұрақтануы – Жыр жанры дамуының соңғы кезеңдерінде пайда болған құбылыс. Ежелгі замандардағы Жыр өлшеміне аралас буын тән болған. Мұндай өлшем қазақ халқының толғауларында, ноғай халқының йырларында, башқұрт халқының қобайырларында, қырғыз халқының санатында сақталған. Тармақтарындағы буын саны 7-ден 15-ке дейін жетеді. Аралас буынды үлгілер батырлар жырында да кездеседі. Жыр өрнегі өзге өлшемдерге қарағанда әлдеқайда ерте туған. Жырдағы тармақ пен ұйқас мөлшері және олардың арақатынасы қатаң сақталмай, жиі өзгеріп, құбылып тұрады. Дәл осы қарапайым ерекшелікке көпке дейін ғылымда мән берілмегендіктен, Жырда басқа өлшемдегідей егіз, кезектес, шалыс ұйқас түрлері болады деп есептелініп келді, олардың жалпы саны 10-ға дейін жеткізілді. Мұндағы басты қателік тирада ішіндегі ырғақтық үзілістерді шумаққа теңгеруден туған еді. Кейінгі арнайы зерттеулер Жырдың тармағы мен ұйқасы тирада пішініне ғана тән заңдылықтарға негізделіп түзілетінін айқын дәлелдеп берді. Жырдың ұйқасы дара ұйқас (монорифма) және аралас ұйқас (полирифма) болып бөлінеді. Аралас ұйқас негізгі ұйқас пен қосымша ұйқастардан тұрады.

III тарау. **ҚАЗАҚТЫҢ КҮЙШІЛІК** **ӨНЕРІНІҢ ТАРИХЫНА ШОЛУ**

Қазақ халқының басқа халықтардан ерекшеліктерінің бірі ол өзінің ұлттық музыкасының болуы. Атадан балаға жеткен, қадірлеп көзінің қарашығындай сақталып, қымбат қазынаға айналды. Қаймағы бұзылмай жеткен бұл өнердің бір шыңы домбыра күйлері. Бұл мұра ғасырдан ғасырға іріктеліп, сұрыпталып, сүргіленіп, түрленіп жеткен халықтың өзімен бірге дамып, қалыптасып отырған. Байырғы кезде қазақ үйінің төрінде әрдайым домбыра ілулі тұрған немесе үй-ішінің біреуі домбырада күй шертпейтін отбасы қазақ арасында кемде-кем болған. Осы орайда халық арасында сұрақтар пайда болуы мүмкін. Осы домбыра, күй сөздері қайдан шыққан? Нені білдіреді? Ол қай кезден бар? Неге домбыра қазақ арасында соншама кең таралған? Осындай сұрақтарға жауап іздеп көрелік.

Белгілі зерттеуші Хайролла Жүзбасовтың пікірінше, домбыра сөзі «дөпбұра», «дәлбұра», «дембұра» деген сөздердің тізбегі арқылы жасалған. Бұл белгілі бір логикаға бағындырылған қызғылықты жорамал. Тағы бір болжамды этнограф Ерік Көкеев еңбектерінен табуға болады. Ғалымның пікірінше, «том» деп түйюлі жұдырық немесе қолдың саласы айтылады. Кейіннен бұл түбір ұянданып «домға» айналған, «быра» тіркесі бір нәрсені шерту, тарту, дыбыс шығару деген мағына береді-мыс. Яғни домбыра сөзі «қолдың саласымен немесе бес саусақпен шекті шерту» деген мағына береді.

Кейбір деректерде «домбыра» сөзі арабтың «дунбаһи бурра» тіркесінен, яғни «қозы құйрық» деген сөзінен қалыптасқан деген долбар әңгіме бар. Бұлай дегенде шамасы домбыраның шанағының сүйірленіп барып, қозы құйрышықтанып бітетіндігін негізге алған болуы керек.

Құдайберген Жұбановтың еңбегінде «күй» сөзіне мынадай пікірін білдіреді: «Қазақта «күй» түрінде айтылатын шағатай, ұйғыр тілдерінде, анатоль түрік тілінде «көк» болып айтылуы тиіс. Қазақтың «и» дыбысының бір қатары шағатай тілінде, ескі ұйғыр тілінде, түркімен, әзірбайжан, анатоль түріктерінің тілінде «к», «г»-ге айналады. Қазақша «байламақ» деген сөз оларша «бағламақ» болады; қазақша «тимек» деген сөз оларша «текмек» болады ... сондықтан «күй» деген сөз оларда «көк» болуы табиғи нәрсе», – дейді. Сондай-ақ, Ақселеу Сейдімбек те осы пікір жайлы «Күй деп басталатын қай сөздің де сезіммен астасып жатыр. Сол сөз көшпенділердің ең киелі сезімі – тәңірлік наным сеніммен ұштасып жатады. Демек, «күй» деген сөз әу баста Тәңірлік құбылысты білдірген. Тәңірдің дыбысы деген сенімдегі мағынамен шендес болғаны аңғарылады», – деп Құдайберген Жұбановтың пікіріне қосылған.

«Күй» сөзі түрік тілдерінің деректерінде XI ғасырдан бері белгілі. Махмұд Қашқаридің әйгілі еңбегі «Дивани лұғат ит түрік» атты сөздігіндегі «көк» (қазақта күй болып айтылады) деген атау аспапты музыканы да, әнді де білдіреді. Осы күнгі татар тілінде де «күй» сөзі аспапты музыка мен вокалдық музыкаға ортақ қолданылады. XVI ғасырдан бермен қарай «күй» сөзі тек аспапты музыканы ғана білдіретін мағынаға ие болады.

Ен далада күн кешкен елдің аузынан шыққан «күй» деген сөздің аспаптық музыкаға тән атау екені, оның түп-тамыры одан да арғы замандарда жатқаны он төртінші ғасырдан бері белгілі. Осыған дәлел байырғы заманда 600 жыл бұрын тасқа салынған суреттің табылуы. Сондай-ақ, «күй» сөзінің көнелігін білдіретін тағы бір дерек қазақта «Ақсақ құлан» атты күй болуы. Туу тарихы жағынан бұл күй Шыңғыс хан жорықтарымен тұстасады. Қазақ халқының басына қара заман боп орнаған XIII-XIV ғасырдың тарихи оқиғаларын баяндайтын шығармаларды алсақ, олардағы музыкалық тілдің тереңдігі, асқан шеберлікті керек ететін ойнау әдіс-амалының молдығы, аңыз хикаяларды суреттеудегі бағдарламалық жүйесі Қазақстан жерінде аспаптық музыка мәдениеті аса жоғарғы дәрежеде ертеден-ақ дамығанына бірден бір айғақ. Халқымыздың музыкалық қазынасында сары алтындай сандалкер күйлер жүздеп саналады. Оларды хатқа түсіретін нота мәдениеті жоқ болса да, сыры мен сымбатын жоғалтпай, қайта ажарлана, әрлене түсіп, ауыздан ауызға көшіп, атадан балаға мирас боп қала берді. Көпке белгілі, қазақтың халық арасында ең кең тараған музыкалық аспабы – домбыра. Оның әлденеше себептері бар. Біріншіден – домбыраны жасау аса қиынға соқпайды, қолы ұсынақты адам көрінген ағаш затынан жасап ала береді. Екіншіден – домбырада тарту, үйрену, басқа аспаптарға қарағанда аса қиынға соқпайды. Домбыраның пернелері барлық дыбыстарды скрипка сияқты мойын бойлап іздетпей, дәл үстіне түсіреді. Қай пернеде қандай дыбыс бар екенін баста біліп алса, ұмытпау дәрежесі айта қалғандай болса, орындаушы кейін де сол пернені оңай тауып алады. Үшіншіден – домбырада түрлі жағдайда тартуға бола береді, үйде отырып та, түрегеліп тұ-

рып та, шалқадан жатып та, ат үстінде де. Бұл айтылғандар, халық аралап жүрген домбырашылар үшін аса керекті жағдай. Халық күйшілерінің ат үстінде тұрып тартулары да, шалқасынан жатып тартулары жайында ел аузында әңгімелер көп. Бірнеше күн бұрын кетіп қалып, екі-үш күннен кейін қайтып келіп, үйдің үстінде қалықтап жүрген Топан атты бүркітің түндіктің ашық жерінен көрген Дәулеткерейдің жақсы көрген қыранына арнап шалқасынан жатып тартып шығарған «Топан» күйі немесе Тәттімбетпен күй тартысқан Абайдың анасы Ұлжанның сіңлісі Тайғараның (Малғара) кей кездерде орнынан түрегеліп кетіп тарту – оның адам ыңғайына келе беретіндігін дәлелдейді. Төртіншіден – домбыра сүйемелге де ыңғайлы. Мұнда шалқайыңқырап отырып әндетуге де болады. Әншінің даусына кесел келтірмейді. Сондықтан домбыра, бір жағынан әншінің жыршының ақынның да «қолқанаты». Әрине, домбыра бәрінен бұрын күйдің аспабы. Қазақ күйлерінің көпшілігі домбыраға арналып шығарылған.

Академик Әлкей Марғұлан қазақ эпостарының бес кезеңге бөлген. Қазақ эпостарын тектегенде саралаған тарихи кезеңдер күй аңыздары үшін де ұрымтал кілт бола алатынына күмән жоқ. Ол кезеңдер:

1. Ең байырғы заман;
2. Оғыз-қыпшақ заманы;
3. Тарихи дәуірлер (XIII-XIV), яғни қазақ даласына Жошы ұлысының ірге тебуі;
4. Жоңғар арасындағы екі ғасырға созылған күрес кезеңі;
5. Феодалдық қайшылықтарға қарсы күрес кезеңі.

Бірінші кезеңнің күй аңыздары (яғни күйлері де) жаңаша жыл санауға дейінгі VIII-V ғасырлар мен жаңа заманның VI ғасырдағы аралықты қамтиды. Бұған Еуразияның Ұлы даласындағы көшпелілер арасына ислам діні тарағанға дейінгі қиял ғажайып тақырыптарға арналған күйлер, жорық сарындары, жаугершілік кезеңдерде ел есінде қалған айтулы батырлар, ақылды арулар, ерге серік болғандай қанатты пырақтар, киелі жануарлар туралы күйлер мен олардың аңыздары жатады. Мәселен, «Қос мүйізді Ескендір», «Көк төбет», «Көк бөрі», «Аққу», «Сарын», «Өгіз өлген», «Тарғыл бұқа» сияқты күйлер мен күй аңыздарын айтуға болады.

Екінші, оғыз қыпшақ кезеңінің (VI-XII ғғ.) күй аңыздары. Бұған Қорқыт ата аңыздары, «Абыз толғауы», Саймақтың сары өзені», «Балжыңгер» сияқты күйлердің аңыздары жатады. Осы заман Қорқыт заманынан деседі. Қорқыт IX- ғасырда өмір сүрген аңыз кейіпкер. Ол Шыңғыс Уалиханов айтқандай: «Қорқыт алғаш қобыз тартып, сарын айтуды үйреткен ең бірінші бақсы». Бақсылық дәстүрді ұстай отырып, қазақ музыкасының негізін қалыптастырды десе болады. 1975 жылы фольклоршы Мардан Байділдаев және қобызшы Мұсабек Жарқынбеков қызылордалық қобызшы Ысмайыл Шәменұлынан Қорқыттан қалған 10 шақты күйін жазып алды.

Қорқыттан соң үшінші ноғайлы кезеңінің (XIII - XVI) күйлері. Оғыз қыпшақ кезеңінің аласапыранынан кейін көшпелілердің рулық тайпалық тұтастануы, Алтын орда сияқты айтулы мемлекеттің бой көтеруі осы заманға сәйкес келеді. Тек ол ғана емес, ілгері ғасырлар талқысында тарихи тағдырын ортақтастырған даналық ру тайпалардың саяси одақ құрып, бір бірімен біте қайнасып «қазақ» де-

ген кең мағыналы этникалық атаумен тарих сахнасына шыға бастаған кезеңі осы тұс. Сондықтан да елдің өзін-өзі тұтастыққа тану сапасы мейлінше шындалғанын, бір рудың қырбайлығы тұтас елдің қабырғасын қайыстыратын, ел шетінен найзаның ұшы көрінсе тұтас ел болып ереуілдейтінін, әсіресе, фольклорлық туындылардан айқын аңғаруға болады. «Ер Төстік», «Жиренше шешен», «Алдар көсе» сияқты циклданған ертегі-аңыздар, «Алпамыс», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Едіге», «Ер Тарғын», «Ер Қосай», «Ер Шорай», «Ер Жабай», «Орақ-Мамай» сияқты эпикалық жырлар, Сыпыра жырау, Асан Қайғы, Қазтуған, Доспанбет, Шалкиіз, Жиренше шешен сияқты жыраулар, тапқыр шешендер бәрі-бәрі сол ноғайлы заманына қатысты.

Ноғайлы кезеңінде туған музыкалық және фольклорлық мұралардың санатына «Жошы ханның жортуылы», «Шора батыр», «Әмір асқақ», «Қамбар күйі» сияқты халық күйлерімен бірге, Кетбұғаның «Ақсақ құлан», Асанқайғының «Ел айырылған», Қазтуғанның «Сағыныш» күйлерін және олардың аңыздарын жатқызуға болады.

Төртінші, Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі (XVII-XVIII ғғ.) күйлер мен күй аңыздары. Осы екі ғасырда созылған аласапыран халықтың сан-сала рухани мұрасында шыншылдықпен, тарихи деректілікпен орын алды. Аңыз-әңгіме, жыр-дастан, толғау-термелерден бастап, ән-күйге дейін халықтың азатшыл рухы аста-төк көрініс тауып отырды. Осы кезең өзінің рухына лайық Бұқар, Тәтіқара, Қанай, Толыбай, Төле, Қазыбек, Әйтеке сияқты шешен-билерді, жыршы-жырауларды дүниеге әкеліп, олар қара халықтың күйзелісі мен қаһарман ерлігін өлмес өнер тілінде бейнелеп отырды. Мұның айғағы ретінде «Қаратаудың шертпесі», «Қалмақ биі», «Беласар», «Қалмақтың қара жорғасы», «Кенес», «Абылайдың қара жорғасы», «Қоржынқақпай» сияқты күйлер мен олардың аңыз-әңгімелерін атауға болады.

Бұл кезеңнің күй аңыздары ширыққан оқиғасымен, тосын шешімдерімен назар аударады. Бір қуаныш, бір қайғы итжығыс түскен заманның мың сан көрінісі өнер тілінде де алуан өрнекпен алдыңнан шығып отырады. Әсіресе, күй аңыздарының белгілі бір тарихи оқиғамен сабақтастығы, нақтылы тұлғалар өміріне арнаулы деректілігімен иландырып отырса, соған үндес музыкалық тілі бейнелегіш қасиетімен баурайды.

Бесінші, XVIII-XIX ғасырларда және XX ғасыр басында туған күйлер мен олардың аңыздары. Бұл кезеңнің рухани мұраларына саяси-әлеуметтік сарынның мейлінше айқын көрінісі тауып отыратынын алдымен айту қажет. Бұл кезеңде туған күйлер де, күй аңыздары да ерекше молдылығымен, тақырыбының әралуандығымен, оқиғасының деректілігімен назар аударады. Әсіресе күйлердің әуен-сазының мейлінше шындалған кәсіби деңгейін айрықша атап өткен жөн. Бұл кезеңге Боғда, Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Тоқа, Ықылас, Қазанғап, Сейтек сияқты ондаған дәулескер күйшілер қазақ музыкасының ұлттық тілін біржолата орнықтырып, жалпы адамзаттық мәні бар рухани феномен деңгейінде танылды.

Жоғарыдағы бес кезеңнен өткен күйшілік өнер күйшілерінің орындау мәнері аймақтық күй ұяларына байланысты дамиды. Күй әуені интонациялы саз ретінде әуелде бір түбірлі болғанмен орындаушылық мәдениеттің тезіне түскен кезде

әртүрлі арнаға түседі. Қазақтың күй өнері негізінен төкпе, шертпе деп айдарланған екі машыққа бөлінеді, соған орай олардың жерге, топыраққа тартып тұратын айшықты мінездемелері де бар. Төкпе және шертпе деген анықтама күйдің тәсілі тартысына байланысты туындаған кейінгі аттар, Ахмет Жұбановтың «Ғасырлар пернесі» кітабындағы Тәттімбет жайлы зерттеуде шертпе күй деген сөз кездеспейді, мұндай атау Уали Бекеновтың кітаптарынан кейін енген (Шертпе күй шеберлері). Күйлердің қазіргі оқытудағы аймақтарға қарай ұялық бөліністері жеті мектепті құрайды:

1. Алтай күйшілік аймағы – Шығыс Қазақстан ;
2. Арқа күйшілік аймағы – Орталық Қазақстан ;
3. Жетісу күйшілік аймағы – Оңтүстік Шығыс Қазақстан ;
4. Қаратау күйшілік аймағы – Оңтүстік Қазақстан ;
5. Жиделі Байсын күйшілік аймағы – Сырдария, Арал өңірі ;
6. Орда күйшілік аймағы – Батыс Қазақстан ;
7. Түбек күйшілік аймағы – Маңғыстау.

Күйшілік ұялардың бұлай бөлінуінің жүйесін алғаш ұсынған Акселеу Сейдімбек болды («Күй шежіресі» монографиясы), оған дейін мұндай мектеби жіктеу жасалған емес. Бұл күй тарихы мен орындалу мәдениетіне дұрыс бағдар беретін нақты әрі дәл анықтама болды. Қазақ күйлерінің аймақтық ұяларының мұнан да басқа әлі айқындала қоймаған күйшілік мектептер бар, олардың көбісі өзінше төбелі мәнер болғанымен аз ескеріліп жүр. Алтай күйшілік мектебінде – Тарбағайлық, Арқада – Тоқырауындық, Жаңа арқалық, Жетісуда – Таластық, Қаратауда – Күнгейлік, Жиделібайсында – Аралдық, Ордада – Оралдық, Түбекте – Үстірттік (Түркіменше шалу мәнері) мектептер қалыптасқан, және олар жеке күйшілік ұя болуға әбден лайықты. Бұлардан өзге Іле, Шығыс Түркістан мен Байөлке жеріндегі күйшілік те өзінше төрге шығуға тұрарлық мәнерлі мектептер. Осы мектептер өкілдері – Акқыз, Тоқа, Байсерке, Үсен төре, Мәмен, Әренжан, Есір сияқты күйшілер орындаушылықтың шыңына шығып, артына із қалтырған домбырашылар. Бұл мектептер тәжірибеде орындаушылығы бөлек домбырашылық өнер болып бағаланғанымен, жоғарыдағы мектептердің атына жалпылама телініп жүр. Осыларды қомақтай айтқанда қазақтың күйшілік ұяларының **жалпы саны он сегіз** болар еді: Алтай, Тарбағатай, Арқа, Жаңа арқа, Тоқырауын, Жетісу, Талас, Қаратау, Қаратаудың күнгейі, Жиделібайсын, Арал, Орал, Түбек, Үстірт, Іле, Шығыс Түркістан, Байөлке.

Күйшілік ұялардан басқа үлгілік мектептер де бар. Әрбір күйшілік ұяның басында сол саладағы орындау мәнерін жасаған тұлғалар бар. Байжігіт, Тәттімбет, Қожеке, Сүгір, Қазанғап, Құрманғазы, Абыл сияқты күйшілер өз мектебінің іргетасын қалағандар және шығармашылығы ерен жасампаз (реформатор) сазгерлер. Олардың үлгілерін ары қарай дамытқан замандық күйшілеріміз солардың шәкірттерінің қолынан күй алғандар, әрі сол күйлерді тарту барысында өз орындаушылық мектептерін де қалыптастырған домбырашылар. Осы күні Әбікен Хасенов, Мағауия Хамзин, Нұрғиса Тілендиев, Жаппас Қаламбаев, Төлеген Момбеков, Садуақас Балмағамбетов, Бақыт Басығараев, Қали Жантілеуов, Рыспай Ғабдиев,

Сержан Шәкіратов сияқты күйшілердің орындаушылық мәнерлері де өз кезегінде жалғасын тауып, жеке мектеп болып қалыптасқан үрдіс саналады.

Әрине, олардың әрбіреуінің өз ерекшеліктері, яғни бір-бірінен айырмашылығы бар. Мысалы, Құрманғазы мектебі дауылды, оң қолының ауқымы кең және динамикалық күшінің болуы, Дәулеткерей мектебі биязы, лирикаға әсемдікке жақын, оң қолдың қағыс шеңбері «тар» болады. Қазанғап өзінің саздылығымен, күйдегі ұзақтық пен қағысымен ерекшеленсе, Дина мектебінде де өзіндік ерекшелігі бар: өзгеріп кететін ырғағы, оң қолдың бес саусағының бірінен соң бірін кезектестіре ойнау, Маңғыстау мектебі сүйрете қағуы (триольді тез алуы), шалыс қағыс алынуы, күй тарту кезінде қағыстармен оң қолдың түрліше ойнату. Арқа мектебінің басты айырмашылығы шертіп тартылуы, сол қолдарының аппликатурасы, сондай – ақ ол дәстүр күйлерін «текстсіз ән» деуге болады, Жетісу күйлерінде қағыс қағу, перне басу амалдары және саздық ерекшеліктері, эпикалық тұрғыдағы аңыз-әңгімеге лайық ежелгі күй сазын байқатады. Қаратау мектебі шертпе және төкпе қағыстар аралас болып келсе, Алтай – Тарбағатай мектебі де ән тектес, ойнақы, бір сазды ән регистрде қайталау.

Халық арасында күй өнерінің саз-сарындары бойынша айырып тану үшін «төкпе күй» және «шертпе күй» деген атаулар қолданып жүр. Ақселеу Сейдімбектің айтуынша, «төкпе», «шертпе» сөздері жеке күйлердің табиғатына қатысты анықтауыш бола алар. Ал, тұтас бір күйшілік мектептің қасиет – болмысына анықтауыш бола алмайды. Себебі, тұтас бір өңір – аймақта қалыптасқан күйшілік мектептер былай тұрсын, бір ғана күйші-композитор туындыларында шертіп тартылатын күй де, дауылдата төгіп тартылатын күй де кездеседі. Мәселен, бір ғана Тәттімбеттің «Саржайлау», «Былқылдақ», «Сылқылдақ» шертіп тартылса, «Бес төре» күйі жігерлі серпінмен тартылады. Оны былай қойғанда, жалқы тұрған бір ғана күйдің өн бойында бірте шертіп қағуды, бірте серпе төгіп қағуды, енді бірде іліп қағуды қажет ететін сәттер бар. Мәселен, Әшімтайдың «Қоңыр қаз», Дайрабайдың «Дайрабай» сияқты күйлері сол бір ғана күйдің өн бойында біресе шертіліп, біресе дауылдата төгіліп тартылады.

Сондай-ақ тағы бір дәлел бұл сөздер тек домбырамен тартылатын күйлердің ғана қадір – қасиетін анықтайды. «Төкпе» және «шертпе» деген атаулар қобыз, сыбызғы, сазсырнай, месқобыз сияқты аспаптарда күйлердің қасиетін анықтауға келмейді. Себебі, бұл аспаптар шертіп те, соғып та тартылмайды.

Сан ғасырлар бойы күйшілер қолында дамып, ұлттық ерекшеліктерді бойына жинаған күй өнері, қазақтың сезімі мен ойын кең ауқымда суреттей келе, оның шын мәнінде қазақтың музыкалық құдіретіне айналды.

Дәстүрлі музыка өнері еліміздің тарихымен байланысты. Тарих қойнауына терең бойлап, өткен күннің үзік сырларын ой сүзгісінен өткізіп қарасақ, әрідегі Оғыз, Қапшақ, Сақ пен Ғұн, берідегі Түрік нәсілінің белінен тараған халықтың ілкілдегі баба өнері қазақ жерінің күрең топырағында тамырын тереңге тартыпты. Кейін түркі тілдес туысқан елдер шартарапқа тарыдай шашылып қазақ елі дербес ұлт болып жеке дара шықты. Өзінің тілін, дінін, мәдениетін қалыптастырды. Бірақ қалай дегенде де біздің ұлттық музыкамыз туыс халықтарымен байланысты. Басты айырмашылық оларда бәрі, яғни ән де, музыка да, би де «Күй» деген бір-ақ сөзбен атаған.

IV тарау.

ҚАЗАҚТЫҢ КҮЙШІЛІК ӨНЕРІНІҢ ӨНІРЛІК МЕКТЕПТЕРІ

Дәстүрлі аспаптық музыка және күйшілік өнер қазақтың халықтық музыка мәдениетінің қос қанаты іспеттес. Қаншама ғасырлар бойы атадан балаға жалғасып келе жатқан күйшілік өнер, әсіресе бүгінгі күнге дейін шашау шықпай бізге жеткен домбыра мен қобызда орындалатын күйлер – дүние жүзінде теңдесі жоқ асыл қазына, ерекше құбылыс. Әр дәуірде ғұмыр кешкен күйшілік өнердің тарлан жүйріктері мен жансыз дүниеге жан бітіріп, тілін бұлбұлша сайратқан дүлдүлдері қаншама, орындаушылық өнердің сан тарау мектептері қаншама!

Домбыра мен қобызға арнап шығармалар жазған халық композиторларын, ұлттық дәстүрді әрі қарай дамытып, аспаптық музыка саласында айтулы еңбектерімен танылған Қазақстан композиторлары. Осыдан соң дәстүрлі күйшілік өнер мектептерін саралай келе Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Абыл, Ықылас, Қазанғап, Дина күйлері.

Мысалға, әуелі Құрманғазы күйшілігі мен күйлеріне шолу жасай келіп, «Сарыарқа» күйіне тоқталсақ. Неше рет жер аударылып, Сібір түрмелеріне қамалып, аяғына кісен салынып, «Кісен ашқан», «Түрмеден кашқан» күйлерін шығарған Құрманғазы «бірде түрмеден қашып келе жатып, Арқа, Алатауды басып өтіп, өз еліне жеткен екен, «Сарыарқа», «Алатау» күйлерін сол жерлерде жол-жөнекей қона-түней жүрген кездерінде шығарыпты» деген әңгімелер бар. Сол әңгіме желісі бойынша Құрманғазы бір түрмеден кашқан жолында Арқадағы атақты күйші Тәттімбетке соғып, күй тартысып, сауық-сайран құрып, ұзақ күндер қадірлі қонағы болыпты. Сонда Тәттімбеттің сый-сияпатына риза болған Құрманғазы Тәттімбетке «Сізге арнаған сыйым болсын» деп осы «Сарыарқа» күйін шығарып, тарту етіпті дейді. «Сарыарқа» күйіне айызы қанып, рақаттанған Тәттімбет, «ендеше мен де саған бір күй арнайын» деп «Көкейкесті» күйін Құрманғазыға арнаған екен. Осыдан соң Тәттімбет Құрманғазының астына жарату ат мінгізіп, жанына жүз қаралы жігіт ертіп, жүз шақырымдай жерге шығартып салдырған екен деседі.

Қазақтың күйшілік өнерінің өңірлік мектептері – Алтай-Тарбағатай, Батыс Қазақстан, Сарыарқа аймағы (Орталық Қазақстан), Қаратау, Жетісу т.б.. күйшілік мектептерге бөлінеді.

Бес кезеңнен өткен күйшілік өнер күйшілерінің орындау мәнері аймақтық күй ұяларына байланысты дамиды. Күй әуені интонациялы саз ретінде әуелде бір түбірлі болғанмен орындаушылық мәдениеттің тезіне түскен кезде әртүрлі арнаға түседі. Қазақтың күй өнері негізінен *төкпе*, *шертпе* деп айдарланған екі машыққа бөлінеді, соған орай олардың жерге, топыраққа тартып тұратын айшықты мінездемелері де бар. Күйлердің қазіргі оқытудағы аймақтарға қарай ұялық бөліністері жеті мектепті құрайды.

Алтай күйшілік аймағы – Шығыс Қазақстан өңірі

Еліміздің шығыс өңірінде қалыптасқан домбырашылық өнердің тамыры тереңнен бастау алады. «Ерте заманда домбырада жалғыз ғана ішек, тауқұдіретте жалғыз ғана қанат болыпты. Домбыраны жасаған шебер, жалғыз ішекпен көсіліп

күй тарта алмайды. Ал, жалғыз қанатты таукүдірет қалықтап ұша алмайды. Домбырашы не істерін білмей іштен тынады. Таукүдірет болса күндіз-түні Тәңірге мұнын шағып, қалықтап ұша алатын қос қанат сұрап, «күдірет-ау, күдірет», - деп жалбарынумен болыпты.

Күндердің бір күнінде таукүдіретке Тәңір ой салады. «Бүйтіп зарлап жүре бергенше талпынып тірлік етіп көр», – деді. Содан аталық таукүдірет пен аналық таукүдірет қолдасып ұшуды ойлайды. Бірінде – оң қанат, екіншісінде – сол қанат, екі таукүдірет бір-бірімен қолдасып, қанаттарын кере серпеді. Сол кезде жерден бауырлары көтеріліп, қалықтай ұшып жөнеледі. Жер беті дөңгеленіп төменде қалады. Қос таукүдіреттің қанаттарын жел сүйемелдеп, көк жүзінде рахаттана самғайды. Сонда көңілдері шаттанған қос таукүдірет қуаныштарын жасыра алмай «күдірет-ау, күдірет мұныға да шүкірлік», – деп тәңірге ризашылықтарын білдіріпті. Осы туралы ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың «Райымбек» поэмасында былайша суреттелген жыр жолдары бар:

*Сыңар қанат екі құс жаралыпты жалғанда,
Бір-біріне жабысып алады екен самғарда.
«Күдірет» – деп екеуі зарлайды екен толассыз,
Бірінің – оң, бірінің- сол қанаттары болғанда.*

Кейін бұл таукүдіреттен туған балапандарға тәңір қос қанат дарытып еді дейді. Осы оқиғаға куә болған домбырашы «қос қанат бірігіп еді – ұшты, егер домбырада қос ішек болса ше?», – дейді де, екінші ішек тағып көреді. Содан соң, қос ішекті домбырасын тартып көрсе, ғажайып үн шығады дейді. Домбырашының қуанышында шек болмайды. Тіптен, риза болғандығы сонша, ең алғашқы күйін таукүдіретке арнайды. Таукүдіреттің алғашқыда қалай қиналғанын, «күдірет-ау, күдірет», - деп тәңірге қалай жалбарынғанын, содан соң қолдаса ұшып көкке самғанын күй тіліне салады».

Бұл аңыздың желісі домбыраның қос ішегінің қалай пайда болғандығы жөнінде сыр шертеді. Домбырашы Бағаналы Саятөлековтың орындауындағы «Таукүдірет» күйі шынында да өте қарапайым, күйдің көне үлгісі екендігін аңғартады және кейбір тұстарында құстың шаңқылы тәрізді, қос ішекті домбырадан обертондар арқылы жаңғырып үшінші дыбыс шығып тұрады.

Шығыс өңірінің күйшілік дәстүрі аймақтық жағынан кең ауқымды қамтиды. Өйткені Шығыс Қазақстан (Семей, Шыңғыстау, Шұбартау, Аягөз, Тарбағатай), Қытай Халық Республикасының Шыңжаң өлкесі, сонымен қатар, Моңғолияның Баян-Өлгий аймағы қазақтарының күй мұралары осы дәстүрге жатады. Бұл өңірдегі, негізінен, архаикалық үлгідегі аңыз-күйлерден тұратын күйшілік, домбырашылық өнердің тамыры тереңнен бастау алады. Әсіресе, теріс бұрауда (квинта) тартылатын «Шыңырау», «Таукүдірет», «Ақсақ марал», «Ақсақ қыз», «Ақсақ аю», «Бұлғын-сусар», «Балжыңгер», «Сұрмерген» сияқты күйлер – аңыз-әңгімелерімен астасып жатқан көне жәдігерлер. Шығыс Қазақстан домбыра күйлерінің «Сары өзен», «Беласар», «Қорамжан», «Ащы күй» сынды тағы бір бөлігі – қазақ пен қалмақ шапқыншылығы дәуірінен көрініс беретін тарихи шығармалар. Ал «Салкүрең», «Телқоңыр», т.б. халық күйлері – өте ерте замандардан жеткен туындылар.

Қазақ халқының тарихындағы ең елеулі тұлғалардың бірі – Кетбұға күйші. Қаһарлы Шыңғыс хан заманында өмір сүрген Кетбұғаның ержүрек батыр, ақылгөй би, дәулескер күйші ретінде есімі белгілі. «Кетбұғаның күйі» («Қара ала белдік мойнымда, сауға, Шыңғыс, сауға») сол дәуірлерден жеткен тарихи туындылардың бірі.

Шығыс күйшілік дәстүріндегі ең ірі тұлға – қазақ күй өнерінің, оның ішінде шертпе күй саласының дамып, көркеюіне көп үлес қосқан Байжігіт күйші. Абылайхан заманында өмір сүрген Байжігіт 300 күй шығарып күй перісі атанған. Байжігіт (шамамен 1705 жылы туған) өзіне дейінгі күйшілік, домбырашылық өнердің озық қасиеттерін бойына сіңіре отырып, оны жаңа белеске көтерген бірегей тұлға. Артына мол мұра қалдырған өнер иесі Байжігіттің тәлім алған ұстаздарының бірі – Сары Нияз төре деген күйші адам екен. Байжігіт 13-14 жас шамасында киіз үйдің сыртында отырып, іштегі отырған, сол кезде елге атақты Сары Нияз төремен күй тартысқа түседі. Өзімен күй тартысқа түсіп отырған күйшінің орындаушылығына риза болып сыртқа шықса, жап-жас бала екендігін көріп қайран қалады. Осыдан бастап Сары Нияз Байжігітті шәкірт қылып домбырашылық өнердің барлық құпия сырына қанықтырыпты. Байжігіттің Қуандық деген шәкірті болған. Ел ішінде Қызылмойын Қуандық дейді екен. Байжігіттің күйлерінің барлығын тегіс тартып, өз жанын да күй шығарған Қызылмойын Қуандықтан заманында Кенжебай деген шәкірті болыпты және атақты Тәттімбеттен күй үйреніпті. Жаугершілік заман тынысы ғана емес, бейбіт тұрмыс лебізі де сезілетін Байжігіт күйлерінің тақырыбы әр алуан. Оның «Көкбалақ», «Қайың сауған», «Шаңды жорық» сияқты күйлерінен жаугершілік заманның елесі көрініс берсе, «Ерке атан» күйі мұңды тарихымен есте қалады. Семей өңірінің Шұбартау ауданының шегіндегі Бақанас, Балқыбек, Көксала өзендерінің бойында өмір сүрген күйші мұрасы Шұбартау, Аягөз өңірінде сақталған. Біздің заманымызға Байжігіт мұрасының дені Жүнісбай домбырашы арқылы жетті. Байжігіт күйлерін жаздырып, насихаттап жүрген бүгінгі орындаушысы – домбырашы Таласбек Әсемқұлов. Шығыс күйшілік дәстүрінің бір тармағы – Шыңжаң өлкесіндегі Алтай, Тарбағатай, Іле күйшілік мектептері. Алтай аймағында қалыптасқан күйшілік мектептің көрнекті тұлғаларының бірі Бейсенбі Дөненбайұлы күйлерінің тақырыбы сан түрлі. Бежең (ел арасында осылай атанған) туындылары Қытай Халық Республикасының Алтай аймағында, Монғолияның Баян-Өлгий өлкесінде және Қазақстанның шығыс өңірінде кеңінен тараған. Сонымен қатар, Алтай аймағында өмір сүрген Мүкей, Шақабай Шалап, Тайыр Белгібайұлы сияқты күйшілердің туындылары да біздің заманымызға жеткен. Тарбағатай өңірінде өмір сүрген күйшілердің ішіндегі айтулы тұлға – Қайрақбай Шәлекенұлы домбырашылығымен қатар, сыбызғышы да болған. Қайрақбайдың күйлері баласы Әнжан арқылы жеткен. Әнжанның баласы Заманбек заманында дәулескер күйші болыпты. Қайрақбайдың күйлерін Заманбектен Жұмажан дейтін домбырашы үйреніп, кейінгіге жалғаған. Сол сияқты Тарбағатай өңірінде болған Бәзғалам, Бейісбай, Масығұт, Кәсімбай Құсайынұлы, Қизат Сейітқазин, Қазен Әбуғазыұлының күйлері де бар. Шығыс күйшілік дәстүрінің бір бөлігі – Шыңжаң өлкесінің Іле аймағындағы домбырашылық дәстүр. Іле өңіріндегі күйшілік мектептің ірі өкілі – Әшім Дүңшіұлы. Арыдағы Қызылмойын Қуандық, берідегі

Мазак, Тілеміс, Тергеусізден бастап өз заманына дейінгі күйшілердің мұраларын үйреніп, ел ішіндегі ғасырлар бойы тартылып келе жатқан әуендерді меңгерген Әшім күй шертіп, күй шығарумен бірге, ел аузындағы, халық арасындағы күй аңыздарын жинақтап, жүйелеп тартқан өнерпаз, сондықтан болар, оның күйлерінің біразы («Самұрықтың зары», «Желмаяның желісі», «Бөктергі», «Қос келіншек», т.б.) ертедегі аңыз-әңгімелерге құрылған. Күйші шығармашылығында елеулі орын алатын – кеңес тақырыбындағы күйлер. «Алтын бармақ» атанған Әшім күйлерінің басым көпшілігі майталман домбырашы Камал Мақайұлы арқылы жетіп отыр. Сонымен қоса, Мазак, Тілеміс, Әтіхан, Әбеуғали, Әліпбек тәрізді ілелік күйшілердің мұралары да сақталған.

Шығыс Қазақстан өңірінде көне архаикалық үлгідегі аңыз күйлер молынан сақталған. Әсіресе теріс бұрауда тартылатын «Шыңырау», «Аңшының зары», «Самұрықтың зары», «Ақсақ қаз», «Ақсақ марал» т.б. күйлер аңыз-әңгімелермен астасып жатқан көне жәдігерлер. Ал, XIII ғасырдан жеткен тарихтан белгілі ескі күйлердің бірі – «Ақсақ құлан». Қаһарлы Шыңғысханның заманының тірі куәсіндей болып жеткен «Ақсақ құлан» күйі сол кездегі Найман тайпасынан шыққан ержүрек батыр, ақылгөй би, дәулескер күйші Кетбұға есімімен тығыз байланысты. «Ақсақ құлан» күйі Қазақстанның Алтайынан Маңғыстау түбегіне дейінгі кең байтақ далада дерлік тартылып күні-бүгінге дейін жеткен. Баян-Өлгей қазақтарында, еліміздің Шығыс Қазақстан, Семей, Сыр бойы, Ақтөбе, Орал, Маңғыстау өңірлерінде «Ақсақ құлан» күйінің көптеген варианттары тартылады. Күйдің аңызы бойынша Шыңғысханның баласы Жошының қазасын естіртуге байланысты болса, кейде Жошының баласы өліп соны ханға естірткен болады. Кейінгі табылған тарихи деректерге қарасақ Кетбұға күйші Шыңғысханның немересі Құлағу ханның әскери қолбасшысы болып, Мысырда қаза тапқан. Осыған қарағанда аңыздағы Жошыға баласының өлімін естіртуі шындыққа жақындайды. Әрине бұл тарихи тұрғыда нақтылауды, зерттеуді қажет етеді. Ал, Бағаналы Саятөлековтың орындауындағы «Ақсақ құлан» күйі әуендік жағынан өте қарапайым «Балаң өлді Жошы хан» – деген сөзді баяндау, естірту, негізіне құрылған. Күйдің әңгімесі баласының өлімін Жошы ханға естірту жөнінде айтылады. Шығыс Қазақстан домбыра күйлерінің тағы бір бөлігі қазақ пен қалмақ шапқыншылығы дәуірінен көрініс беретін тарихи туындылар. Оған «Қорамжан», «Ащы күй», «Ана зары», «Сары өзен», т.б. күйлер жатады. Сонымен қатар авторлары ұмытылып халықтық туындылар болып кеткен «Беласар», «Бұлғын-Сусар», «Балжыңкер», «Жалқы жігіт», «Салкүрең», «Телқоңыр» сияқты аңыз-әңгімесімен, шығу тарихымен ерте замандардан жеткен халық күйлері өз алдына бір төбе. Шығыс Қазақстан күйшілік өнерінің бір бөлігі Шығыс Түркістан өңірінде дамыған. Алтай-Тарбағатай, Іле аймағына дейінгі аралықты қамтиды. Шығыс Түркістан күйшілік дәстүрі екі мектептен тұрады. Алтай және Тарбағатай күйшілік мектебі. Алтай күйшілік мектебі пентатоникалық үндестікке жақын, ал Тарбағатайлық күйшілік мектеп диатоникалық дыбыс қатарына құрылған. Алтай күйлері көбінесе құрылымдық жағынан көбінесе транспозициялық формаға құрылса, Тарбағатайдың домбыра күйлері әуендік, біртіндеп құбылмалы (вариациялық) даму жүйесіне құрылған. Алтай күй мектебінің өкілдері Бейсенбі, Шақабай Шалап, Мүкей, Тайыр Белгі-

байұлы. Ал, Тарбағатай күйшілік мектебіне Қайрақбай, Бәзғалам, Бейісбай, Кәсімбай т.б. күйші-композиторлар жатады. Шығыс Қазақстан күйлерінің ескі нұсқаларының сақталған аймағы Шыңғыстау өңірі – Абай елі. Қазақ халқының ұлы ақыны, ойшылы Абай Құнанбаевтың «Тор жорға», «Май түні», «Майда қоныр» деген күйлерін белгілі күйші, зерттеуші Уәли Бекенов, Ғайса Сармурзиннен жазып алып жариялап, сонымен қатар орындап, насихаттап та жүрді. Сол сияқты Абайдың немере інісі болып келетін Шәкәрім Құдайбердіұлының да күйлері бар екендігі жөнінде кейінгі кездері айтылып жүр. Абайдың ақын шәкірттерінің бірі әнші – композитор Әсет Найманбайұлының «Кертолғау» деген күйін бізге Қытай Халық Республикасынан келген күйші Мұқаш Таңғытұлы жеткізіп отыр. Шығыс Қазақстан күйшілік дәстүрі күні бүгінге дейін үзілмей жалғасын тауып келе жатыр деп айтуға болады. Бағаналы Саятөлеков, Мәсіғүт Тәтенов, Тайыр Белгібайұлы, Кәсімбай Құсайынұлы, Уәли Бекенов, Қазен Әбуғазыұлы, Әділбек Атығаев, Мұқаш Таңғытұлы, Ұран Ақатайұлы т.б. күйшілердің шығармалары осы орындаушылық дәстүрдің ізімен туындаған күйлер. Шығыс Қазақстан домбыра күйлері жөнінде академик Ахмет Жұбанов өзінің «Ғасырлар пернесінде» еңбегінде алғаш жазған болатын. Шығыс Қазақстан күйлерін жинақтап, зерттеп, тартып насихаттау жолында күйші, зерттеуші Уәли Бекеновтың сіңірген еңбегі айрықша. Осы орындаушылық мектептің күйлері мен күйші-композиторлары туралы «Күй табиғаты», «Күй керуені», «Шертпе күй шеберлері», атты еңбектерінде көп деректер жазып, бірқатар күйлердің ноталық нұсқасын беріп елеулі еңбек сіңірген.

Арқа күйшілік аймағы – Орталық Қазақстан өңірі.

Арқа күйшілік дәстүрі Қазақстанның шығыс, солтүстік, орталық аймақтарын алып жатқан байтақ өңірдің атымен аталатын Арқа күйшілік мектебінің ең көрнекті тұлғасы – Тәттімбет Қазанғапұлы. Шертпе күй саласында екі ішекті алма-кезек даралап қағу, бір ішекті бойлай шерту әдістерін көбірек қолданып, бұл тарапта жаңашыл бағыт, оқшау мектеп қалыптастырған Тәттімбет күйлерін терең ойға, философиялық толғамға толы шертпе күйлердің үздік үлгісі деуге болады. Небары 45 жас қана ғұмырында өшпестей мұра қалдырған, қазақтың күй өнерін жаңа саз, соны өрнектермен байытып, түрлі тақырыпты қамтитын 40-тан аса күй шығарған Тәттімбеттің философиялық ой-толғамдарға құрылған «Қосбасар» (9 нұсқасы), «Сарыжайлау», «Көкейкесті», «Бес төре» (I, II түрі), махаббат сырын шерткен «Сылқылдақ», «Көш жанаған», «Балбырауын», тарихи оқиғаларға арналған «Айдос», «Алшағыр», «Азамат қожа», «Бозайғыр», т.б. күйлерін үйреніп, кейінгіге жалғастырған – өз інісі Жақсымбет, балалары Мұсатай, Исатай болған. Тәттімбет күйлерінің басым көпшілігі белгілі күйші, домбырашы Әбікен Хасенов арқылы жетті. Ұлы күйші мұрасын Аққыз Ахметова, Әпике Әбенова, Жақсылық Омашев, Уәли Бекенов, Мағауия Хамзин сияқты саңлақ өнерпаздар да кеңінен насихаттады. Ұлттық музыка өнеріндегі Тәттімбет бастаған жаңа дәстүрді оған ілесе шыққан Тоқа, Әбди, Сембек, Қыздарбек сынды күйшілердің өзінше жалғастыруы да – заңды құбылыс. Тәттімбет тәлімі дегенде, ауызға ең әуелі әйгілі Тоқа Шоңманұлының есімі ілігеді. Ел іші оны шыққан руына байланысты «Сайдалы сары Тоқа» атап кеткен. Тәттімбеттен он бес жас кіші Тоқа, ұлы күйшімен өнерде

үзеңгілес жолдас бола жүріп, одан күйшілік өнердің қилы тағылымын меңгерген. Өзінің біліп, үйренгенін Тоқа айналасындағы ізбасарлары Қыздарбек, Әбди, Баубектерге табыстап отырған. Бұлардың барлығы дерлік Тәттімбеттің ізімен «Қосбасарлар» циклын жалғастырды. Қыздарбектің «Өткінші», «Мұң» қосбасарлары – шертпе күй мектебінің ең бір сыршыл, мұңшыл шығармалары. Бұл күйшілердің Кеңес дәуіріне тірі жеткендері көп қуғын-сүргін көрді, Әбди мен Сембек 30-жылдары атылып кетті. Күйлері көпке дейін жұрт назарына ұсынылмай, шетқақпай болып келді. Олардың мұрасын бүгінге жеткізушілер – Әпике Әбенова, Дәулетбек Сәдуақасұлы, Манарбек Сағымбеков, Орал Исатаев сынды күйші-домбырашылар. Табиғаттың бұла бір сәтін күй арқылы жеріне жеткізіп суреттеген Арқаның тылсым күйшілерінің бірі – Әшімтай еді. Оның соңында қалған бір ғана күй «Қоңыр қаз» деп аталады. Атақты Дайрабайдың да күйлерінің көбісі бүгінге жетпеген. Бұл екі күйшінің туындыларын елге табыстаған – әйгілі күйші Мағауия Хамзин.

Жетісу күйшілік аймағы – Оңтүстік Шығыс Қазақстан.

Жетісу күйшілік дәстүрі – бұл өңірдің де аспаптық музыкасы қаншалықты қызықты, әрі стильге бай болғанмен, осы күнге дейін түбегейлі зерттеу нысанынан тыс қалып келеді. Жетісу дәстүрі Шығыс күйшілік дәстүрімен өзектес. Жер жағдайы ұқсас, Алтай мен Алатау аралығында үзілмей, іркес-тіркес жалғасқан тау сауырын қоныстанған елдің мәдени кеңістігі ортақ болғандығы байқалады. Еліміздің Жетісу өлкесінде ертедегі аңыз күйлермен қатар авторлары ұмыт болып, ел арасында сақталып қалған халық күйлері молынан кездеседі. Мысалы: «Аққу», «Аққудың зары», «Жеті атан – ерке атан», «Мұңлық – Зарлық», «Жетім қыз», «Жетім бала», «Жиренше шешен», «Тепеңкөк», «Шұбар киік», «Ақсақ қыз» сияқты көне күйлер ерте дәуірлерден сыр шертеді.

Тамырын тереңнен тартатын Жетісу күйшілік өнерінде, бертін келе, үлкен екі мектептің қалыптасқандығын байқаймыз. Бұл мектептер дәулескер күйші-композиторлар – Байсерке Құлышұлы және Қожеке Назарұлы есімдерімен тығыз байланысты.

Қожабек, Сатқынбай, Қатшыбай, Темірбек Ахметов арқылы бүгінге жалғасып келген Байсерке күйшінің көп мұрасынан, өкінішке қарай, кезінде жинақталып, жазылып алынбаған. Байсеркенің «Ұран күй», «Толқытатын күй» деп аталатын туындылары бар. Жетісу күйшілік өнеріне тоқталып, Байсерке күйшінің шығармашылығына қатысты «Ғасырлар пернесі» еңбегінде алғаш А. Жұбанов сөз қозғаған болатын.

Жетісу өңіріндегі тағы бір оқшау көзге түсетін мектеп – Шыңжаң өлкесі күйшілік дәстүрімен сабақтас, Қожеке Назарұлы бастаған домбырашылық үрдіс. Қожеке күйші Жетісудың төрі Қарқара жайлауында дүниеге келген. Қожекенің өмір сүрген заманы аумалы-төкпелі қиын кезеңге тұспа-тұс келді. Ресей империясының қазақ елін отарлау саясатына бағынбаған Қожеке тағдыр тауқыметімен Қытай асып кетеді. Ол жақта да қиын өмірді бастан кешіп, ақырында озбыр заманның саяси құрбаны болған күйші мұрасы бүгінге өзінің ұрпақтары ұлы Рақыш, немерелері Шаңия мен Тұрсынғазы, Ясын, жиені Орынбек арқылы жетті. Жетісу күйлерін зерттеуші, күйші Б. Мүптекеев Қожеке күйлерін тақырыптық мазмұн

жағынан бірнеше топқа жіктейді: а) ежелгі жыр, аңыз, шежіре, ертегі сюжетіне құрылған күйлері («Мұңлық-Зарлық», «Қамбархан», «Жиренше шешен»); ә) табиғат тыныс-тіршілігіне байланысты күйлері («Ағарсынның ақ толқыны», «Сарбарпы бұлбұл», «Сайрам көл»); б) жеке бастың көңіл ауанына қатысты туған күйлері («Кертолғау», «Күй шақыртқы», «Сағыныш», «Шалқайма», «Нұрғазарын»). Қожеке, Сыбанқұл мектептерінің өкілдерімен қатар, Бөлтірік, Қосдәулет, Омархан Керімқұлов, Елемес Таласбай сынды күйшілердің, Тіленді, Шортанбай сияқты Жетісу өлкесінде өмір сүрген белгілі тұлғалардың атын атауға болады.

Қаратау күйшілік аймағы – Оңтүстік Қазақстан өңірі.

Қаратау күйшілік мектебіндегі негізгі тұлға – Сүгір Әлиұлы. Шертпе күй шебері, қазақтың аспаптық өнерінде өшпес із қалдырған Сүгір өзіне дейінгі Тәттімбет, Тоқа, күйлерін жете меңгере отырып, түр, мазмұн, көркемдік жағынан байытып, дамыта түсті. Әйгілі қобызшы Ықылас Дүкенұлын өзіне ұстаз тұтқан Сүгірдің қобыз сазын домбыра күйімен қабыстыра білуі үлкен жаңашылдық болды, қобыздағы мұңды әуеннің Сүгір күйлерінде домбырамен астасуы күйшілік дәстүрге өзгеше рең берді. Ол өмір сүрген өңір – қарт Қаратау, көне Отырар, қасиетті Түркістан аймағы – тоғыз жолдың торабы, түрлі мәдениеттің тоғысқан жері. Сондықтан қазақ музыкасындағы озық жетістіктерді бойына жинаған Сүгір шығармаларында Арқа, Жетісу, Алтай-Тарбағатай, Батыс әуен-саздарының кездесуі кездейсоқ құбылыс емес. Оның күйлері мазмұны жағынан да, көркемдік бітімі жағынан да ерекше. «Шалқыма», «Ілме», «Бес жорға» (5 тараудан тұрады), «Қаратау шертпесі», «Жолаушының жолды қоңыры» (2 тарау), т. б. туындыларының қай-қайсысын алсақ та, кемеліне келген көркемдік, мүлтіксіз жаңашылдығымен, соны сипатымен оқшау тұрады. Сүгір күйлерін алғаш республика жұртшылығына танытқан дарынды өнерпаз, қобызшы әрі домбырашы Жаппас Қаламбаев болды. Сүгірдің «Кертолғау», «Ілме», «Шалқыма», «Ыңғайтөк», «Аққу», т.б. күйлері Ж. Қаламбаевтың орындауында қайталанбас өрнегін тауып, қазақ музыкасының алтын қорында мәңгі сақталып қалды. Сүгір күйлерін асқан шеберлікпен орындап жеткізушілер қатарында күйші, домбырашы Төлеген Момбековтің есімін айрықша атауға болады. Сүгірдің «Қосбасар», «Жолаушының жолды қоңыры» (2 тарау), «Бес жорға», «Қаратау шертпесі», «Телқоңыр», «Шалқыма», «Бозінген» сияқты күйлерін өзіндік мәнерімен орындап, өз жанынан да көптеген күйлер шығарған Төлеген Момбеков – Сүгір мектебінің көрнекті өкілі. Қаратау күйшілік мектебінде Сүгір, Бапыш, Төлеген, Жаппас, Боранқұл, Айкен сынды қаратаулық күйшілердің туындылары қомақты орын алады.

Жиделі Байсын күйшілік аймағы – Сырдария, Арал өңірі.

Сыр өңірінің күйшілік дәстүрі – көпке дейін қазақ музыкасы саласында аз зерттеліп, насихатталуы кемшіндеу болып келгенімен, соңғы кездері кеңінен қолға алына бастады. Белгілі жыршы, филология ғылымдарының кандидаты Б. Жүсіповтың «Жиделі Байсын күйлері» деген еңбегінде осы орындаушылық мектептің күйлері алғаш жинақталып жарық көруі де – сең қозғалуының бір көрінісі. Сырдың бойында ертеректе өткен Құрманай Төремұрат, Асан Көнек, Бекпенбет сынды

күйшілердің мұралары көнеден көшкен керуендей жалғасын тауып келеді. Одан беріректе Сыр өңірінде өмір сүрген күйші-композиторлардың ішінде үш дәулескер күйшінің есімін атауға болады. Олар: Мырза Тоқтаболатұлы, Әлшекей Бекпенбетұлы, Досжан Құрақұлы. Сыр бойы күйшілік дәстүріндегі көрнекті тұлғалардың бірі Мырза Тоқтаболатұлының ғұмыр кешкен, музыкалық мұрасының молынан сақталған жері – Қызылорда облысының Қазалы өңірі. Бүгінгі күні Мырза күйшінің «Асанқайғы», «Бұғының күйі», «Баулы ешкі», «Алпыс екі Ақжелеңнің бауыр шешпесі», «Ташауыз» сияқты бітімі, құрылымы бөлек, композициялық жағынан оқшау тұрған жиырмадан астам күйлері белгілі болып отыр. Мырза күйлерінің басты ерекшелігі, көбінесе, транспозициялық формада құрылған. Күйдің өзі шағын 3 бөлімді шығарма іспеттес. Бұны «Жемнің ағыс күйі», «Ташауыз», «Бұғының күйі», т. б. күйлерден байқауға болады. Осындай құрылымдағы күйлер, көбіне, сағасыз болып келеді. Яғни, батыс күйлеріндегідей кіші, үлкен сағаларда үстіңгі ішектегі стереотип тартылмайды. Осы әдіс Сыр бойы күйлерінің көбіне тән. Мырза күйлерін, сонымен қатар, Сыр бойында сақталған халық күйлерін, Құрманай Төремұрат, Жалдыбай күйшілер мұрасын шашау шығармай, ерекше нақышпен орындап, насихаттаушы – қазалылық дүлдүл домбырашы Нәби Жәлімбетов. Жоғарыда аттары аталған күйшілердің шығармаларымен қатар, Жалдыбай, Қобылаш, Исламбек Ысқақов, Жалғасбай Аралбаев, Төлеген Қаражанов, Мұзарап Жүсіпов тәрізді Сыр бойында өмір сүрген күйшілердің туындылары осы мектептің қомақты мұрасы бола алады.

Орда күйшілік аймағы – Батыс Қазақстан өңірі.

Батыс Қазақстан күйшілік дәстүрі. Қазақтың күйшілік өнері өркен жайып, ерекше дамыған өлкелердің бірі – Батыс Қазақстан аймағы. Батыс күйшілік дәстүрінің көрнекті өкілдері Махамбет, Боғда, Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Мәмен, Түркеш туындыларын қазақ өнерінің ғана емес, бүкіл түркі әлемі музыкасының жетістігі деп айтуға болады. Батыс күйшілік мектебінің қайнар көзінде күйші, әрі жырау, батыр бабамыз Махамбет тұр. Көнеден тамыр тартқан жыраулық дәстүр өкілі Махамбеттің күйлері айбынды жырларымен сарындас болып келеді. Ішкі Бөкей ордасында бүкіл ғұмырын өткізген Махамбет күйлерін сол Исатай бастап, өзі қостаған жорық жылдарының музыкалық портреті десе де болады. Махамбеттің толғау жырларындағы тегеурінді сарындар осы мектептің теңдессіз тұлғасы Құрманғазы күйлеріне де жат емес. XVIII-XIX ғасырларда Бөкей ордасында аса күшті домбырашылық мектеп қалыптасты. Екі үлкен бағытта дамыған Бөкей күйшілік дәстүрі Құрманғазы, Дәулеткерей есімдерімен тығыз байланысты. Батыс Қазақстан күйшілік дәстүрінің ең көрнекті тұлғасы, күй атасы атанған Құрманғазы Сағырбайұлы – әлемдік өредегі алып композитор. Құрманғазының аса күрделі шығармашылығы дыбыстық бояуларының қанықтығымен, алапат тегеурін, ырғақтық иірімдерінің алуандығымен ерекшеленеді. Құрманғазының күйшілік тұлғасын, жан дүниесін толық танытатын, қуатты оттай бұрқыраған «Сарыарқа», «Төремұрат», «Кішкентай», «Серпер», «Терісқақпай», «Балбырауын» сияқты күйлерінің әрқайсысы – қайталанбас, кесек туындылар. Құрманғазының күйшілік дарыны сан қырлы. Оның «Адай», «Төремұрат», «Терісқақпай», «Серпер» сияқты күй-

лерінен асқақ батырлық рух сезілсе, «Қайран шешем», «Аман бол, шешем, аман бол», «Айда, бұлбұл Айжан-ай», «Балқаймақ» сынды туындылары ой-толғам, сырлы сезім толғаныстарына құрылған. Құрманғазы қалыптастырған күйшілік мектептің аса дарынды өкілі Дина Нұрпейісова – ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр дәстүрін біріктірген, сондай-ақ, Құрманғазы мектебінің жігерлі екпінін, Дәулеткерей дәстүрінің фәлсәфасын, ақсүйектік нәзіктігін терең меңгерген күйші. Оның шығармашылығында Құрманғазы дәстүрінде басталған жанрлық және тақырыптық жаңашылдықтар жалғасын тапты. Осы дәстүрді алға апарушылар қатарында дүлдүл күйшілер Оқап Қабіғожин, Қали Жантілеуов, Рүстембек Омаров, Төлеген Аршанов, Ғылман Қайрошев, Ғылман Әлжанов, Рысбай Ғабдиев, Әзидолла Есқалиев сияқты күйші-орындаушылардың есімдерін атауға болады. Батыс күйшілік дәстүрінде әрқайсысы өз алдына бір төбе – Түркеш, Сейтек сияқты көптеген біртуар күйшілер ерекше орын алады. Батыс күйшілік дәстүріндегі тағы да бір айтулы тұлға Дәулеткерей Шығайұлы – қазақ халқының күйшілік өнеріндегі айрықша тұлғалардың бірі. Қазақ күйлерінің бір парасының тартылу мәнеріне және әуендік құрылымына байланысты ел арасында «төре күйлері», «төре тартыс», «төре қағыс» деген ұғым қалыптасқан. Оқшау дәстүр – төре тартысқа жататын күйлер лирикалық әуезділігімен ерекшеленеді, психологиялық терең сезімге құрылып, адамның жан дүниесіне терең бойлайды. Бұл қағыстың тағы бір ерекшелігі, ауқымы, шеңбері қысқа алынғандықтан, биязы, жұмсақ болып келеді. Батыс өңірінде «қара қағыс» немесе «тентек қағыс» деп аталған Құрманғазы дәстүріне мүлде ұқсамайтын өзгеше, оқшау мектеп, дара дәстүр қалыптастырып, әуендік тұрғыда сазды, сұлу күйлер қалдырған Дәулеткерейді А. Жұбанов: «Төре күйлерінің атасы», – дейді. Дәулеткерейдің «Қыз Ақжелең», «Құдаша», «Ысқырма» «Керілме», «Ақбала қыз», «Бұлбұл», «Көркем ханым» күйлері лирикалық әуені басым, сырлы сезімге толы болып келсе, «Топан», «Салық өлген», «Охота», «Шолтақ», «Жігер» қатарлы туындылары терең ойға, философиялық толғанысқа құрылған. Орда төңірегінде Баламайсаң, Мүсірәлі, Байжұма, Арынғазы сияқты дарынды күйші-домбырашылар болды. Ал Дәулеткерейдің ізін баса шыққан Әлікей, Түркеш, Салауаткерей, Сейтек сынды дәулескер күйшілер Дәулеткерей алтын діңгегі болған осы бір күйшілік мектептің орнығуына өз үлестерін қосты. Дәулеткерей күйлерінің жеткізушілері – Науша, Махамбет Бөкейхановтар. Ал жеріне жеткізе орындап, жаздырып, насихаттап, кейінгіге мұра қылып қалдырған әйгілі домбырашы Қали Жантілеуов болды. Қазанғап Тілепбергенұлы шығармашылығы ХІХ-ХХ ғасырдағы қазақтың аспаптық кәсіби өнерінде үлкен орын алады. Күйшілік өнерде өзгеге ұқсамайтын сара жол салып, өзіндік орындаушылық мектебін қалыптастырған саңлақ күйші, әсіресе, «Ақжелең» деп аталатын тармақты күйлерді дамытуға айтарлықтай үлес қосып, оны түр және мазмұн жағынан байыта түсті. Қазанғап күйлері философиялық ой, терең сезімге толы. Қазанғап күйлері күйші дәстүрін жалғастырған ізбасарлары Жәлекеш Айпақов пен Кәдірәлі Ержановтың, елге танытып, насихаттауға көп еңбек сіңірген майталман домбырашы Сәдуақас Балмағамбетовпен қатар, Б. Басығараев, Ж. Әлбетов, Қ. Жармағамбетов, І. Ілиясов, А. Райымбергенов, Р. Омаров, Н. Жанаманов, Ж. Асылхановтарды атауға болады.

Түбек күйшілік аймағы – Маңғыстау өңірі.

Маңғыстау күйшілік дәстүрі. Бұл өңірде қалыптасқан күйшілік мектеп оқшау ыңғайда дамыған орындаушылық және шығармашылық әдістерінің ерекшелігімен көзге түседі. батыс күйшілік дәстүріне жататын Маңғыстау күйлері қағыс, тартысымен айрықшаланып, өз алдына бір мектеп болып қалыптасып кетті. Маңғыстау өлкесінде аңыз-әңгімелерімен баяндалатын көне күй үлгілері, айтыс-тартыс, тармақты, тізбекті, тарихи күйлер мол сақталған. Өріден келе жатқан ескі күйлермен қатар, «Қазақ пен ноғайдың айырылысуы», «Ноғай сазы», «Бала ноғай сазы», «Алпыс тараулы Науайи» сияқты халықтық мұраға айналған домбыра саздары да аз емес. Осындай авторы белгісіз көне күйлердің бір шоғыры – «Науайы». Әйгілі күйші Өскенбайдың орындауында «Науайы» алпыс тараудан тұрады екен. Ал бізге Өскенбайдың өз баласы Мұраттың орындауында жеткені – «Қарт Науайы», «Бала Науайы», «Тел Науайы», «Шар Науайы», «Тамшы Науайы», «Қақпалы Науайы» деп аталатын алты күй. Ерте замандардан тамыр тартқан көне күйлердің бірі – Кетбұғаның «Ақсақ құлан, Жошы хан» күйі. Бұл күй Мұрат Өскенбаевтың орындауында «Құлан сарыны», «Естірту», «Айдаһармен арбасу» деп салаланып келеді. Сол сияқты аңыз-әңгімесімен жеткен халық күйлерінің бірі – «Нар идірген». Шалдың, жігіттің, баланың тартқаны болып келетін осы үш күй «Өрелі мая» деп те аталады. Абыл, Қартбай, Есбай, Есір, Құлшар, Қоңыр, Өскенбай, Шамғұл, Әлқуат, Мұрат сияқты Маңғыстау күйшілерінің есімдері қазақтың аспаптық музыка әлеміне әйгілі. Маңғыстау күйшілік дәстүріндегі көрнекті тұлғалардың бірі – Абыл Таракұлы. Абылдың бізге жеткен «Абыл», «Нарату» күйлері – қазақ күй өнеріндегі шоқтығы биік, философиялық мәні терең, эпикалық сарыны басым кемел туындылар. Маңғыстау күйшілік өнерінің тағы бір айтулы тұлғасы Есбай Балұстаұлы шығармашылығының айшықты бөлігі - «Үш ананың тартысы» деп аталатын циклді күйлерден тұрады. Маңғыстау түбегінде өмір сүрген саңлақ күйші Есір Айшуақұлының «Қос айырған», «Тоғыз түйеші», «Көктөбе», «Манатау», «Ақжарма» атты тармақты күйлері ұлы даланың симфониясындай сол дәуірдегі ел басынан өткен тарихи оқиғаларды сипаттайды. Айтыс, тартыс күйлерімен аты белгілі Құлшардың «Қыз қамаған», «Кербез керік», «Ат жортақ», «Сық-сақ», «Кебіс қалған» деп аталатын циклді күйлері қызғылықты әңгімесімен шағын театрлық қойылымға ұқсайды. Жинаққа Құлшардың бұдан басқа да әзілге құрылған «Тілемсек», «Жап та, қымта» атты күйлері енді. Адайдың «жеті қайқысы» атанған өнерпаздар қатарында Маңғыстау күйшілік дәстүрінің көрнекті өкілдерінің бірі Өскенбай Қалмамбетұлының есімі ерекше аталады. Әйгілі «Жаңылтпаш» күйі – Өскенбайдың Құлбай бақшы деген түрікпен күйшісімен сайысқа түскенде шығарған күйі. Өскенбай күйшінің мұрасы, негізінен, бел баласы Мұрат Өскенбаев арқылы жетіп отыр. Ол Абыл, Есір, Құлшар, Өскенбай, Қартбай сынды күйшілердің туындыларын, ертедегі аңыз күйлерді, өз күйлерін қосқанда, ұзын саны, үш жүздей күй тартқан. Жолды, Қартбай, Қоңыр, Мұрат Өскенбаев, Айдарбай, Самифолла Андарбаев сынды дәулескер күйшілердің де шығармалары аталған мектептен өз орнын алады.

V тарау.
**ҚАЗАҚ КОМПОЗИТОРЛАРЫНЫҢ
ҚЫСҚАША ӨМІРБАЯНЫ**

Қорқыт – тарихи тұлға, ақын және композитор, ол ІХ ғасырда Сырдария даласында туған. Қобызды жасаушы, аңызшы, ақындардың, музыканттардың иесі, бақсы. Аңыздар бойынша Қорқыт түйені сойып, терісінен қобыз жасайды. «Қорқыт атаның кітабы» түрік халықтарының эпикалық жазба ескерткіші. Әрбір аңыздың өзіндік сюжеті және олардың әрқайсысының басты қаһарманы Қорқыт ата дана, көсем, басшы, тағдыр туралы болжап пісуші. Аңыз бойынша және Қорқыттың өзінің өтінішімен, оның қабіріне денесімен бірге, желмен дыбысталып тұратын қобыз бірге салынады. Қорқыт атаның құрметіне 1980 жылы Қызылорда облысында архитектуралық ескерткіш салынған. Белгілі қазақ жазушысы, академик Мұхтар Әуезов арқылы әңгімеленетін «Қорқыт туралы аңыздардың» мәні аса жоғары, себебі, ол адамға қызмет ету арқылы өнердің өлмейтіндігін, мәңгіліктігін көрсетеді.

Құрманғазы Сағырбайұлы (1818-1889 жж.) – Қазақтың ұлы күйші-композиторы. Қазақтың аспапты музыка өнерінің классигі. Туып-өскен жері Бөкей хандығы, қазіргі Орал облысының Жаңақала ауданына қарасты Жиделі деген жер. Құрманғазының ұстазы – Ұзақ деген күйші. Құрманғазының шәкірттері: Дина Нүрпейісова, Ерғали Есжанов, Мендіғали Сүлейменов. Сол дәуірде әйгілі болған Көкбала, Менетай, Менқара, Сүгірәлі, Торғайбай, Шора сынды домбыра тарту шеберлері де Құрманғазыны ұстаз тұтқан. Құрманғазы сахараның даңғыл көкірек дәулескер күйшісі Соқыр Есжанның алдын көріп, Дәулеткерей сияқты жайсаң күйшімен сырлас болып, Шеркеш, Байжұма, Баламайсан сияқты күйшілердің өнерінен өнеге алған.

Шығармалары. Оның «Түрмеден қашқан», «Кісен ашқан», «Ертең кетем», «Бозқаңғыр», «Пәбескі», «Терезеден-есіктен», «Бозшолақ», «Бұқтым-бұқтым», «Не кричи, не шуми», «Арба соққан», «Аман бол, шешем, аман бол», «Қайран шешем» сияқты күйлері замана басқа салған зобалаңның бір-бір бекеті сияқты. «Қызыл қайың», «Ақжелең», «Адай», «Сарыарқа», «Балбырауын», «Серпер», «Назым», «Балқаймақ», «Бұлбұлдың құрғыры», «Ақсақ киік», «Төремұрат», «Қуаныш» сияқты күйлері өмірге іңкәр жанның сезімі. «Жігер», «Көбік шашқан», «Кішкентай», «Ақбай» сияқты күйлері өзі ғұмыр кешкен заманның тарихи-әлеуметтік болмысына берілген күйші философияның бағасы.

Дәулеткерей Шығайұлы (1820-1887 жж.) композитор, күйші. Дәулеткерей адамның рухани дамуына аса көңіл бөлген және бұл бағыттағы өз көзқарасын қорғаған. Ол көп саяхат жасап, өнер, рухани саладағы адамдармен кездесіп, жай халықтың тұрмысы мен өмірін зерттеген. Композитор өміріндегі аса елеулі оқиғаның бірі – ұлы күйші Құрманғазымен кездесуі. Дәулеткерей шығармашылығына Құрманғазыдан басқа Соқыр Есжан, Байжұма, Мүсірәлі сияқты күйшілердің ықпалы болған. Осындай ұлы адамдар арасында оның азаматтық көзқарасының

қалыптасып, шығармашылығы дамыды. Дәулеткерей шығармалары алдыңғы қатарлы қоғамдық көзқарастарды, өмір философиясын, уақыт лирикасын, халық тарихын көрсетеді. Дәулеткерейдің күйлері «Ақбала Қыз», «Ат қалған», «Байжұма», «Жігер», «Құдаша» және т.б. қазақтың музыка мәдениетінің алтын қорына қосылды.

Тәттімбет Қазанғапұлы (1815-1862 жж.) күйші, домбырашы «шертпе» күйді орындау мектебінің негізін салушылардың бірі. Тәттімбет тақырыбы әрқилы «Қосбасар», «Саржайлау», «Сары өзен», «Терісқақпай», «Былқылдақ», «Боз айғыр», «Балбырауын», «Қара жорға» және т.б. Тәттімбет күйлері лирикалық негізді тереңдігімен, сезімнің дарқандығымен ерекшеленеді. Тәттімбет шығармаларының музыкалық тілі орындау мәнерінің күрделілігіне, дербес өзіндік баяндауға негізделген, жеңіл қабылданады. Тәттімбет өмірге қарым-қатынас пендешіліктен ада тұратын адамдық биік ой-толғам тән «шертпе» күй өкілдерінің бірі. Тәттімбет шығармашылығының шыңы «Көкейкесті» күйі, ол композитордың өмірінің соңғы жылдарында жазылған. Онда халықтың рухани өмірі, ғасырлық көркемдік тәжірибесі көрсетілген. 1855 ж. Петербургте Тәттімбет Александр II таққа отырғызу салтанатына Ресейдің өнер өкілдерімен бірге қатысты. Тәттімбет Петербургті қайталанбас өнерімен тәнті қылып, күміс медальға ұсынылады.

Дүкенұлы Ықылас (1843-1916 ж.ж. *Қарағанды облысы, Жаңаарқа*) – қазақтың атақты күйші қобызшысы, композитор, қылқобызда ойнаудың асқан дүлдүл шебері. Тәттімбет, Сары Тоқа, Дайрабай, Қыздарбек, Итаяқ, Әбди сияқты күйшілердің Ықылас бірінің даңқын естіп, күйін құлағына құйып өссе, келесісінің көзін көріп, қадірлес сыйлас болған. Бұл ортада бағзыдан жеткен теріс бұрау күйлері ұшталып, өрісін ұзартқан. Ықылас болса сол ұлы дәстүрді қобыз тілінде жалғастырушы дәулескер күйші. Қорқыт атадан кейін тәңірлік аспапқа адамның тілін дарытып, жоғын жоқтатып, мұңын ұндатқан біртуар композитор.

Шығармалары. Ықыластың тырнақалды туындылары «Қасқыр», «Ықылас» деп аталады. Оның «Кертолғау», «Ерден», «Жалғызаяқ», «Жарым патша», «Жезкиік» сияқты күйлерінде өзі өмір сүрген ортаның қоғамдық әлеуметтік көріністері бейнеленсе, «Қамбар - Назым», «Айрауық», «Қазан» сияқты күйлеріне ел арасына кеңінен тараған аңыз әңгімелер, қиял ғажайып оқиғалар арқау болған. Ықыластың шәкірттері Бекмағамбетұлы Ашай, Тоқтамысұлы Әбікей, Әлиев Сүгір және өзінің бел баласы Түсіпбек болған. Бұлардан тікелей тәлім алған белгілі қобызшы домбырашылар Мықтыбаев Дәулет пен Қаламбаев Жаппас. Ал, Дәулет пен Жаппастың төл шәкірттері Үмбетбаев Сматай, Қосбасаров Базархан.

Жұбанов Ахмет (1906-1968 жж.) композитор, дирижер, музыкатанушы, этнограф, ҚазССР-нің халық артисі, өнертану ғылымының докторы, ҚазССР ҒА-ның академигі, ҚазССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. 1932 ж. Ленинград консерваториясының тарихи теориялық факультетін бітірген. 1932-1933 жж. өнертану Академиясының аспиранты.

1934 ж. қазақтың халық аспаптары оркестрін ұйымдастырды (қазіргі Құрманғазы атындағы қазақтың мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрі). Жұбанов Алматы мемлекеттік консерваториясын басқарды, Жамбыл атындағы қазақтың мемлекеттік филармониясын ашуға көп еңбек атқарған. Ол республикалық Ғылым Академиясының негізін салушылардың бірі, кейін М.О.Әуезов атындағы өнер мен әдебиет институтының құрамына енген өнертану секторын ұйымдастырды. Жұбановтың ұйымдастырушылық, шығармашылық, ғылыми, педагогикалық, қоғамдық қызметі Қазақстанның музыка мәдениетінің қалыптасу тарихында тұтас бір кезеңді қамтиды.

Ол кәсіби музыкалық білім берудің, музыкалық шығармашылық пен музыкалық ғылымның ірге тасын қалады. Л.Хамидимен бірлесіп, «Абай» және «Төлеген Тоқтаров» операсын, «Құрманғазы туралы естелік маршын», «Жез киік» симфониялық шығармаларын, қазақтың би сюитасын, «Саранжап», «Көроғлы» фортепьянолық шығармаларын, хорлар, әндер, романстар, театр мен киноға арналған музыкалар, «XIX-XX ғ.ғ. қазақ халық композиторларының өмірі мен шығармашылығы», «Ғасырлар пернесі», «Замана бұлбұлдары», «Мұқан Төлебаев», «Құрманғазы» этнографиялық зерттеулерін жазды.

Төлебаев Мұқан (1913-1960 жж.) қазақтың аса көрнекті композиторы, қоғам қайраткері. Туып-өскен жері: Алматы облысының Бөрлітөбе ауданындағы Қарашыған ауылы. Мәскеу консерваториясы жанынан ашылған Қазақ студиясына оқуға түседі (1936 ж.). Қазақтың халық аспаптар оркестрінің дирижері қызметін атқарады (1942-1944 жж.). Москва консерваториясын (Маяковский мен Ференнің композициясы класы бойынша) бітіріп шығады (1951 ж.). КСРО Композиторлар одағының мүшесі (1942 ж.). Қазақстан Композиторлар одағы басқарма мүшесі (1948 ж.). Қазақстан Композиторлар одағы басқармасының төрағасы (1956-1960 жж.). М. Төлебаев туындатқан опералардың, оркестрлік немесе вокалды-симфониялық шығармалардың, камералық-аспаптық пьесалардың, әндер мен романстардың қай-қайсысы да терең сезімталдығымен, музыкалық тілінің шыншылдығымен, өзіндік қолтаңбасымен дараланып отырады. Әсіресе, «Біржан-Сара» операсы оның композиторлық дарынының шырқау шыңы ғана емес, сонымен бірге қазақтың XX ғасырдағы музыкалық мәдениетінің ең көрнекті табыстарының бірі. «Біржан-Сара» операсы өзінің полифониялық болмысына қарамастан, ұлттық нәрі құнарлы туынды. М. Төлебаев қазақтың кәсіпқой музыкалық мәдениетін қалыптастырып, орнықтырушы хас дарындардың бірі.

Брусиловский Евгений Григорьевич (1905-1982 жж.) – композитор, қазақ музыкалық мәдениетінің негізін қалаушыларының бірі, ҚазССР-нің халық артисі, профессор ССРО және ҚазССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Ленинград консерваториясын профессор М.О. Штейнбергтің композиция класы бойынша бітірген. Брусиловский өзінің шығармашылық қызметін қазақтың музыкалық фольклорын зерттеуге арнады. Ол – Н. Бөкейханов, Л. Мұхитов, М. Бөкейханов, И. Байзақов сияқты көрнекті музыканттардың әндері мен күйлерін жазып алған. Брусиловский алғашқы қазақ операларын, симфонияларын, ірі хор-

лық және кантата-ораториялық шығармаларды алғаш көрерменге танытқан музыкант.

Ол – «Қыз Жібек», «Жалбыр», «Ер Тарғын» операларының, «Сары-арқа», «Целинная», «Құрманғазы» симфонияларының, кантаталардың, сюиталардың 50 ден аса әндер мен романстардың авторы. Е.Г. Брусиловскийдің музыкалық шығармаларына ашық, бейнелі әуендік сипаттамалар тән. Қазақ әуенін өз бояуымен қабылдап, оны көрермен құлағына жеткізуде Е.Г. Брусиловскийдің еңбегі зор.

Хамиди Латиф (1906-1983 жж.) композитор, ҚазССР-нің халық артисі, ҚазССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Ташкент ағарту институтын, 1-ші Мәскеу музыкалық техникумының теориялық-композиторлық факультетін профессор Б.А. Яворскийдің класы бойынша, Мәскеу консерваториясы жанындағы Татар опералық студиясын бітірген.

Л. Хамиди көптеген хорлық өңдеу, әндер, романстар, вальстар жазды, солардың ішінде «Қазақ вальсі» және «Бұлбұл» композитордың атын танымал етті. Ол сондай-ақ, патриоттық, тарихи тақырыптарға да музыка жазды. Композитор шығармашылығының қанат жаюы «Абай», «Төлеген Тоқтаров» (А. Жұбановпен бірлесіп), «Жамбыл» операларынан да анық байқалады. Хамиди музыкалық мәдениет тарихында қазақтың халықтық музыкасын жинаушы-этнограф және музыкалық, оқулық басылымдардың авторы ретінде қалды.

Момбеков Төлеген – домбырашы, композитор күйші, ҚазССР-нің еңбек сіңірген мәдениет қайраткері. 1918 жылы Шымкент облысында туған. Төлеген Момбековтың алғашқы ұстазы оның атасы, белгілі күйші Бапыш Қожамжаров, мұнан соң ол композитор күйші Сүгір Әлиевтің орындау мәнерінен үйренеді.

Оның «Тел қоңыр», «Бес жорға», «Шалқыма» күйлерін орындауда ол жаңа стильдік жаңалықтар ендірі. Төлеген Момбеков «Салтанат», «Мешін», «Қат-қабат», «Аннама», «Қоштасу», «Қаратау шертпесі» сияқты күйлердің авторы, бұлар халық арасында кең танымал. Момбековтың шығармалары «Отырар сазы» фольклорлық этнографиялық оркестрінің, «Сазген», «Шертер» ансамбльдерінің репертуарына кірді. Төлеген Момбеков Тәттімбет, Сүгір және тағы басқа халық композиторларының музыкалық дәстүрін жаңа биікке көтерді.

Тілендиев Нұрғиса Атабайұлы (1.04.1925–15.11.1998) қазақтың әйгілі күйші композиторы, дирижер, дәулескер домбырашы. Туып өскен жері – Алматы облысының Іле ауданына қарасты Шилікемер ауылы.

Мәскеудің П.И. Чайковский атындағы консерваториясының дирижерлік факультетін бітірді. Қазақтың Абай атындағы опера және балет театрында (1953-1961 жж.), қазақтың Құрманғазы атындағы Мемлекеттік Академиялық халық аспаптар оркестрінде (1961-1964 жж.) және тікелей өзінің ұйымдастыруымен дүниеге келген «Отырар сазы» халық аспаптары оркестрінде (1981-1998 жж.) бас дирижер қызметін атқарды. Сондай-ақ, 1968 жылдың «Қазақфильм» киностудиясы музыка редакциясының бас редакторы болып істеді. Қазақстанның халық әртісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, КСРО-ның халық әртісі. Қа-

зақстан Республикасы Президентінің жарлығымен Н. Тілендіұлына 1998 жылы «Халық Қаһарманы» атағы берілді.

Тілендіұлы Нұрғиса қазақтың музыкалық мәдениетіне композитор, дирижер, орындаушы ретінде өшпес із қалдырған суреткер. Ол 500-ден астам музыкалық төл туындылардың авторы. Осынау мол мұраның жанрлық аясы да қайран қалдырады: ән, күй, романс, увертюра, поэма, контата, опера, балет. Сүйікті шығармаларынан «Достық жолымен» (1958 ж.), «Менің Қазақстаным» контатасын (1959 ж.), Қ. Қожамьяровпен бірлесіп жазған «Алтын таулар» операсын (1961 ж.), «Ата толғауы» және оркестр үшін жазылған шығармаларын (1962 ж.), «Халық қуанышы» (1963 ж.), «Қайрат» (1964 ж.), «Жеңіс солдатты» (1975 ж.) сияқты увертюраларын атауға болады. Оның «Аққу», «Аңсау», «Арман», «Ата толғауы», «Әлқисса», «Қорқыт туралы аңыз», «Көш керуені», «Махамбет», «Фараби сазы» сияқты күйлері мен «Саржайлау», «Алатау», «Ақжайық», «Ақ құсым», «Өз елім» сияқты ондаған әндері халықтық бояу нақышының қанықтығымен, өзіндік қолтаңбасының айқындығымен жұртшылықтың сүйіп тыңдайтын рухани қазынасына айналған. Мұның сыртында қырықтан астам пьесаға және жиырмадан астам фильмге музыка жазған. Тілендіұлы Нұрғиса музыкасын жазған М. Әуезовтың, Ш. Аймановтың, Т. Ахтановтың, Ә. Тәжібаевтың пьесалары, сондай-ақ «Қыз Жібек», «Қилы кезең», «Менің атым Қожа», «Қарлығаштың құйрығы неге айыр», «Ақсақ құлан» фильмдері әлдеқашан қазақ сахнасы мен экран өнерінің классикасына айналған. Ол Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге...», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім...», «Ішім өлген, сыртым сау...», «Қызарып, сұрланып...» өлеңдеріне ән шығарған. Сонымен қатар қазақ ақындарының өлеңдеріне «Ғашыққа мойын қой», «Абай арманы», «Әйгерімнің әні», «Ақынның пайғамбары – Абай ата» әндерін жазды. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Күмісбеков Кенжебек (1927-1987 жж.) композитор, ҚазССР-нің халық артисі, ҚазССР-нің өнер қайраткері, ҚазССР-нің Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор. Музыкалық білімді Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясында алған, ол алғашында вокалды факультетте, кейін доцент Қ.А.Мұхитовтың домбыра класы бойынша халық аспаптар факультетінде оқиды. 1965 ж. профессор Е.Г. Брусиловскийдің композиция класы бойынша консерваторияны екінші рет бітіреді.

Халық музыкасының үлгілерін жете меңгеріп, кәсіби композиторлық техниканы игеруі Күмісбеков шығармашылығының негізгі бағыттарын анықтады. «Ықылас туралы поэма», «Қорқыт туралы аңыз», «Ой толқыны», «Дала сыры», «Фараби сазы», «Шалқыма» сияқты оркестрлік поэмалары композитордың халықтық-эпикалық бағыттағы әуен ерекшелігін көрсетеді.

Мұхамеджанов Сыдық (1924-1991 жж.) композитор, ҚазССР-нің еңбегі сіңген өнер қайраткері, ҚазССР-нің халық артисі, ҚазССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Профессор Е.Г. Брусиловскийдің композиция класы бойынша Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясын бітірген.

Мұхамеджановтың қаламынан ірі хорлық және вокалды-симфониялық, шығармалар, поэмалар мен сюиталар, камералық шығармалар, әндер, спектакльдер мен кинофильмдерге арналған әуендер туындады. Оның музыкалық шығармашылығының шоқтығы – «Айсұлу», «Жұмбақ қыз», «Ақан сері Ақтоқты» опералары, «Ғасырлар үні», «Шаттық Отаны» симфониялары, әртүрлі аспаптарға арналған концерттер. С. Мұхамеджанов қандай жанрға қалам тартпасын, оның өзіндік көркемдік қағидасы, фольклормен байланысы, қазақ музыкасының лирикалық-эпикалық дәстүріне сүйенуі анық аңғарылып тұрады.

Хамзин Мағауиа домбырашы, композитор, күйші, ҚазССР-нің халық артисі. 1927 жылы Жезқазған облысында туған. Алматы музыкалық училищесін бітірген, Хамит, Әшірбек, Аққыз сияқты әнші-күйшілерден домбыра өнерін үйренген. М. Хамзин репертуарында Тәттімбеттің «Саржайлау» күйі, Тоқаның, Дайрабайдың, Аққыз және басқа халық композиторлардың күйлері бар. Ол шертпе күйдің шебері болған. М. Хамзин Моцарттың, Брамстың, Рахманиновтың классикалық шығармаларын тұңғыш рет домбырада орындаушы. Композитор – күйшінің домбырасы да оның орындау мәнері сияқты ерекше құрылымды, үшбұрышты және толық дауысты. Хамзиннің шығармашылығы халық арасында жақсы танымал. Оның шығармаларынан белгілілері: «Қос басар», «Косманавттар», «Жайлау», «Жарыс», «Жас қазақ» күйлері және басқалары.

Ғабдиев Рысбай домбырашы, дирижер. Қазақстанның халық артисі. Көптеген конкурстар мен фестивальдердің лауреаты. 1937 жылы Атырау облысында туған. Әл-Фараби атындағы мәдениет институтының сырттай бөлімін, Алматы музыкалық училищесін бітірген. 1990 жылдан Атырау облысының Дина Нұрпейісова атындағы халық аспаптары оркестрінің бас дирижеры және көркемдік жетекшісі.

Ғабдиев шығармашылығының негізін күйтабақтарға жазылған қазақ халық композиторларының (Құрманғазы, Дина, Дәулеткерей, Абыл) күйлері құрайды. Ғабдиев домбыра тартуды үйрету жөніндегі көптеген кітаптардың авторы.

Қажығалиев Шамғон дирижер. Қазақстан мен ССРО-ның халық артисі, Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының профессоры. 1927 жылы Орал облысында туған. Алматы мемлекеттік консерваториясының халық аспаптар факультетін, Ленинград консерваториясының дирижерлік факультетін бітірді.

Ш. Қажығалиевтің шығармашылық қызметі Құрманғазы атындағы қазақтың мемлекеттік халық аспаптар академиялық оркестрімен тығыз байланысты, 1971 жылы ол оркестрдің көркемдік жетекшісі және бас дирижері болып, тағайындалады. Қажығалиевтің дирижер және ұйымдастырушы ретіндегі кәсіби шеберлігі қазақ мәдениетінің алтын қорына енген. Құрманғазы мен Дәулеткерейден бастап, Дина мен Сүгірге дейінгі атақты халық композиторларының күйлерін, ұлттық музыкалық классиканы терең зерттеу нәтижесінде оркестр репертуарын жан жақты жетілдіруге ықпал етті.

Біржан Тұрлыбайұлы Қожағұлов (Біржан сал) (1834-1897 жж.) композитор, ақын. Домбыра құлағында ойнайтын, айрықша талантты Біржан кішкене кезінен-ақ халық арасында белгілі болады. Біржан шығармашылығының басты тақырыбы махаббат. Оның «Айтбай», «Ғашығым», «Ғашық жыр», «Жамбас сипар» әндері ерекше шынайылығымен, сезімге құрылғандығымен, лиризммен дараланады. Біржан шығармашылығының мәні-халықтығында, тақырыбының әрқилылығында, түрінің жаңбалығында. Біржанның әндері халықтың ән өнерін жоғары деңгейге көтерді, өлеңдер мен айтыстардың орындалуына жаңа көркемдік мәнер енгізді. Біржанның өмірі мен шығармашылығы «Біржан мен Сара» сияқты танымал қазақ операсына арқау болған. Осында оның әндерінің барлығы дерлік орындалады. «Аңыздар» тарауында Біржанның «Жанбота» әнінің туу тарихы баяндалған.

Мұхаммедханафия Бахрам-ұлы (Сегіз-Сері) (1818-1854 жж.) – ақын, әнші, композитор. Сегіз-сері 10 жасынан бастап, өзінің ақындық және орындау мәнерімен белгілі болды. Халық арасында Сегіз-серінің «Үкілім», «Көркем-ай», «Қаракөз», «Гауһартас», «Мақпал» әндері, «Тұлпар», «Қос қыран», «Алмас қылыш» күйлері жақсы танымал. Халық арасында кең тараған батырлық және тұрмыстық эпостарды орындауда Сегіз-сері Шығыстың белгілі батырлық және ғашықтық шытырман оқиғалы мазмұнымен толықтырады. Біржан сал, Жаяу Мұса, Өтеміс жырау Сегіз-серіні өзіне ұстаз санаған, ал Нұржан Наушабаев оған «Ер Сегіз» поэмасын арнады. Сегіз-серіні өз қолымен жазылған қолжазба шығармасы Қазақстан Ғылым Академиясы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорында сақталған.

Ыбырай Сәндібайұлы (1860-1930 жж.) халық композиторы, әнші, ақын-импровизатор. 1860 ж. Көкшетау облысында дүниеге келген. Үкілі Ыбырай арабша сауатты болған, әнге, өлеңге құмар, ол қазақтың атақты әнші-ақындарынан (Шөже, Біржан, Ақан сері т.б.) үлгі-өнеге алып, олардың шығармашылық дәстүрін бойына сіңірді. Үкілі Ыбырайдың «Гэкку» (4 түрі), «Шалқыма», «Көкше», «Желдірме» т.б. 40-қа жуық әндері бар.

Оның әндері махаббат сезіміне, мелодиялық көркем сазға толы, терең ойлы болып келеді. Ел арасына кең тараған «Гэкку» әні Үкілі Ыбырай шығармашылығының шыңы болып табылады. Бұл әнді Е. Брусиловский «Қыз Жібек» операсында (Жібектің негізгі ариясы), ал «Арарай» әнін «Ер Тарғында» (Ақжүністің ариясы) пайдаланды. Ыбырай поэзиясы, тақырыбы жағынан сан-алуан болып, бір саласы жастық дәуренді жырға қосады. «Бір қызық ит жүгіртіп аң ауласа» өлеңі аңшылық, саятшылықты бейнелейді.

Ақжігіт Қорамсаұлы (Ақан сері) (1843 – 1913 жж.) ақын, композитор. Ақан лирикалық әндерді, виртуозды орындаушы, танытушы ақын композитор. Ол «Сырымбет», «Мақпал», «Қарамар», «Ақ көйлек», «Ақтоқты», «Перизат», «Ай көк» және т.б. көптеген лирикалық әндердің авторы. Оның әндері мен суреттерінде бүркіт салған аңшылық кез, алыс жерлерге саяхат, жалғыз аттының бейнесі бар.

Оның көңілді, қуанышты, қайғылы, жайлы, қоңыр дауысты әндері бүкіл Қазақстанға таралып, халыққа жақсы танымал болды. Қазақ әдебиетінде ақын бейнесі көптеген романдарға, драмаларға, поэмалар мен өлеңдерге арқау болды. Ақан серінің өмірі мен шығармашылығына С.Мұхамеджановтың «Ақан сері – Ақтоқты» операсы арналған.

Мұса Байжанұлы (Жаяу Мұса) (1835-1929 жж.) – композитор, ақын. Балалық шағында Мұса домбырада, қобызда, сырнайда, скрипкада ойнаған. Жаяу Мұсаның шығармашылығы халық музыкалық дәстүрімен тығыз байланыста дамыған. Жаяу Мұсаның көптеген өлеңдері автордың азаматтық поэзиясына сәйкес келеді.

Шығармалары. «Ақсиса», «Хаулау», «Толғау», «Сүйіндік», «Шолпан», «Сәлем, қыздар», «Гауһар Қыз» сол топқа енеді, туған жер табиғатына арналған әндері: «Баян ауыл», «Ұлытау», «Қаршыға», «Көгершін», «Қыз күйі», сондай-ақ «Қызбаланың күйі», «Қамшылау» сияқты күйлердің авторы. Бүгінгілерге танымал «Олжабай батыр» лирикалық поэмасынан басқа көптеген өлеңдері бар.

Мәди Бапиұлы (1880-1921 жж.) – композитор, ақын. Балалық шағынан өзінің әнімен және домбырадағы ойынымен даңқы шыққан. Ол Ақан сері, Біржан сал сияқты әнші ақындармен кездесе жүріп, ол бұл халықтық өнерді жете меңгереді, олардан оқиды. Мәди жалған айыптау бойынша сотталады.

Ол түрмеде туған жеріне деген сағыныштан «Қаракесек» әнін дүниеге әкеледі, онда тағдырының ауырлығын, әлемдегі әділетсіздік туралы жырлайды. Мәдидің шығармашылық мұрасы толық жиналмаған.

Оның халық жадында сақталған әндері әлі күнге сыр - сымбатын жоғалтқан жоқ. Биік пафосы, еркін, жан-дүниені баурайтын оның сұлу әндері қазіргі кезде сахна мен радиодан жиі естіледі. Оның әндері Е.Г. Брусиловскийдің «Қаракесек», «Ер Тарғын», «Шіркін-ай», «Мәди», «Қыз Жібек» операларында қолданылды. Мәдидің өмірі мен шығармашылығына А. Жұбановтың, А. Бектасовтың зерттеулері, Ә. Әбішевтің «Найзағай» романдары арналған.

Мұхит (Мұхамбеткерей) Мералыұлы (1841-1918 жж.) – халық композиторы күйші, домбырашы. Мұхит тойларда, ірі жәрмеңкелерде домбырада ойнап, ән айтумен көзге түскен өнер иесі. Мұхит, Есбай, Тазбала, Сәулебай күйлерін ерекше шеберлікпен орындаған. Мұхиттың әнді орындау дәстүрі халық арасында Ғ. Құрманғалиев, Т. Ибрагимова және т. б. арқылы тараған. Ол әнді азамат болып қалыптасқан кезде шығара бастаған және өз тыңдаушыларын оның әні сезімталдығымен, тереңдігімен бірден баураған. Мұхит шығармаларын өзінің творчестволарына көптеген Қазақстан композиторлары арқау етіп алған: Е. Брусиловский – «Жалбыр» операсындағы «Алуаш» әні, «Қыз Жібек» операсындағы «Үлкен Ораз», «Ер Тарғын» операсындағы «Дүние-ай» дүниелері. Мұхиттың «Айнамақ» әнін Б.Е. Ерзакович шекті аспаптарға арналған квартетіне қолданған, ал «Зәуреш» әні Л.М. Шаргородский мен С.И. Шабельский «Симфоньеттасында» пайдаланған.

Бекежанов Нартай – ақын, композитор. Қызылорда облысы Шиелі ауданында дүниеге келген. Он жасынан ән салып, өлең айта бастайды. Бай – молдаларды шенеген («Сараң байға», «Мырзалық емес»), барымта әменгерлікті әшкерелеген. («Жесір дауы»), жалшыларды батылдыққа, қайсарлыққа шақырған өлеңдер шығарды.

Ақындар айтысында Н. Баймұратовпен, Қ. Байболовпен өнер сайысына түсті. Ақын халық әндерін шебер орындаумен қатар өзі де әндер («Толқын», «Нартай сазы», «Өсиет терме») шығарды. Нартай өмірінің соңғы кезеңіне дейін өткір идеялық құрал өнер мен мәдениетті дамыту жолында күресті. Ол туралы Мұхамеджан Рүстемов «Нартай» повесін жазды.

Естай Беркімбайұлы (1874-1946 жж.) – ақын, композитор, ҚазССР-нің еңбек сіңірген өнер қайраткері. Естай әндік-ақындық ортада өскен, анасы Күлипа мен ағасы Байтолым белгілі әншілер болған. Естай олардан жыр, дастандар мен толғауларды орындау мәнерін үйренген.

Оның «Жай қоңыр», «Наз қоңыр», «Майда қоңыр», «Хорлан», «Сандуғаш», «Гүлнәр» әндері көркемділігімен, саздылығымен дараланатын қазақ музыкасының інжу-маржаны. Классикалық «Хорлан» әні Естайдың есімін аңызға айналдырды. Бұл әннің әуені М. Төлебаевтың «Біржан мен Сара», Е.Г. Брусиловскийдің «Ер Тарғын» операларында, С. Шабельский мен Л. Шаргородскийдің қобызға арналған концерттерінде қолданады. М. Әлімбаевтың «Естай – Хорлан» атты поэмасы Естайға арналған. «Аңыздар» тарауында Естайдың Хорлан атты қызға ғашық болған махаббат тарихы баяндалады.

Ержанов Манарбек (1901-1966 жж.) әнші, актер, композитор. Қазақстанның халық артисі. Ол Ақан сері, Біржан сал сияқты композиторлары - әншілердің композиторлық әншілік мектебін лайықты тұрақты жалғастырушы болып табылады. Ол белгілі әнші және домбырашы. Күсенбайды өзінің тікелей ұстазы ретінде санайды. Ержановтың көп қырлы таланты оның әндерінен анық байқалады. Ол 150-ден аса ән мен күй шығарды. Халық арасында оның «Жарыс», «Аманкелді туралы өлеңі», «Қойшы әні» және тағы басқа шығармалары жақсы танымал. Ержановтың шығармашылық мұрасының маңызды бөлігін оның домбыраға арналған күйлері құрайды. Бұлар «Би күйі», «Аққу», «Жетісу» және т.б. Оның артистігі мен әншілігі «Қыз – Жібек» (Шеге), «Жалбыр» (Елемес), «Ер Тарғын» (Сахан) және т.б. опералардағы партияларды шеберлікпен орындауынан көрінеді.

Әзірбаев Кенен (1884-1976 жж.) ақын, композитор және жырау. Жыр алыбы Жамбылдың шәкірті және өнерін жалғастырушы. Ол – әуен тіліне көшірілген 150 өлең жазған тұлға.

Кененнің әншілік өнермен даңқы шыққан. Ол өз шығармаларында Біржан сал, Ақан сері сияқты белгілі қазақ ақындарының ең үздік дәстүрлерін жалғастырушы. К. Әзірбаев шығармаларының басты тақырыбы біртұтас халық өмірі, сондай-ақ, әрбір адамның жеке үміттері мен армандары.

Ол 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысқа белсене атсалысты. Осы кезеңде дүниеге келген оның шығармалары «Бұлбұл», «16 жыл», «Базар Назар», «Әли батыр», «Қырғызбай» атты поэмалары көтеріліске қатысушыларды қанаттандырып, олардың рухтарын жігерлендірді, өз халқы мен жерін қорғауға үндеді. Әзербайжан шығармашылығының азаматтық, рухани, лирикалық ырғақтары халық жүрегіне жол тауып, бүгінге дейін ұмытылмай келеді.

Құрманғалиев Ғарифолла (1909-1993 жж.) – әнші. Қазақстанның халық артисі, Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Орал облысында туған. Оның творчестволық қалыптасуына халық композиторы Мұхиттың шәкірттері Шынтас пен Шайқы үлкен ықпал еткен.

Ғ. Құрманғалиев ұлттық опералық өнердің негізін салушылардың бірі. Ерекше дауысты жеке ән айтушы әртістен ол атақты опералық орындаушы дәрежесіне дейін өсті. Абай атындағы қазақтың мемлекеттік академиялық опера және балет театрында ұзақ жыл жұмыс істей отырып, ол «Жалбыр», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек», Е. Брусиловскийдің «Айман-Шолпан», М. Төлебаевтың «Біржан-Сара» операларындағы образдардың біртұтас галереясын жасады. Оның репертуарындағы «Айнамақ», «Ісмет», «Боз жорға» сияқты халық әндерінің, «Ақ Жайық», «Нұржамал», «Аққу» сынды өз әндерінің орны бөлек.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
<i>I тарау.</i> Қазақтың әншілік өнерінің тарихы.....	4
<i>II тарау.</i> Қазақтың әншілік өнерінің өңірлік мектептері.....	7
<i>III тарау.</i> Қазақтың күйшілік өнерінің тарихына шолу.....	13
<i>IV тарау.</i> Қазақтың күйшілік өнерінің өңірлік мектептері.....	19
<i>V тарау.</i> Қазақ композиторларының қысқаша өмірбаяны.....	29

Басуға 18.11.2013 қол қойылды. Пішімі 60x84¹/₈. Офсеттік басылыс. Қағазы офсеттік. Физ. б. т. 5.
Шартты б. т. 10,0. Есеп. б. т. 10,2. Тапсырыс № 238. Таралымы 3000 дана.

Қазақстан Республикасы, «Полиграфсервис» ЖШС.
Алматы қаласы, 050050, Зеленая көшесі, 13а.